**Жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін темір жол көлігімен тасымалдау қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 545 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 17 мамырда № 13714 болып тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.08.2019 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін) бұйрығымен.

"Теміржол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 2-тармағының 34-15) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 11.04.2025 № 112 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған "Жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін темір жол көлігімен тасымалдау Қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.08.2019 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметті ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Инвестициялар және даму министрі* *Ә. Исекешев*

"КЕЛІСІЛДІ":
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі
_____________ Т. Дүйсенова
2016 жылғы 10 ақпан

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
_____________ А. Мамытбеков
2016 жылғы 15 сәуір

"КЕЛІСІЛДІ":
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
_____________ Е. Досаев
2016 жылғы 24 ақпан

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
_____________ Б. Сұлтанов
2016 жылғы 13 сәуір

"КЕЛІСІЛДІ":
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
_____________ Қ. Қасымов
2016 жылғы 25 ақпан

Инвестициялар және
даму министрінің
Қазақстан Республикасы
2015 жылғы 30 сәуірдегі

№ 545 бұйрығымен
бекітілген

**Жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін теміржол көлігімен тасымалдау қағидасы**

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.08.2019 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін) бұйрығымен.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және пошта жөнелтілімдерін теміржол көлігімен тасымалдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Теміржол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 14-бабы 2-тармағының 34-15) тармақшасына сәйкес әзірленді және жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және пошта жөнелтілімдерін теміржол көлігімен тасымалдау тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 11.04.2025 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Теміржол көлігімен Қазақстан Республикасы арқылы халықаралық және транзит қатынаста жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар мен терминдер пайдаланылады:

1) арнайы поезд – рейске заңды немесе жеке тұлғалардың өтінімі бойынша поездардың қозғалыс кестесіндегі арнайы немесе бір жолғы кесте бойынша тағайындалатын поезд;

2) арнайы вагон – рейске тұрақты қатынастағы поезды қалыптастырудың белгіленген схемасынан тыс немесе жеке немесе заңды тұлғаның тапсырысы бойынша тұрақты қатынастағы вагонның орнына тағайындалған вагон;

3) аялдама пункті – жолаушылар поезының аялдауы жүзеге асырылатын, тек қана жолаушыларды отырғызуға және түсіруге арналған пункт;

4) билет құны – жолаушыларды жол жүру барысында барлық теміржол маршруттары бойынша тасымалдағаны үшін есептелетін төлем сомасы ретінде белгіленген жол жүру құнының бір бөлігі;

5) диспетчер терминалы (бұдан әрі – ДТМ) "Экспресс" жүйесінің терминал жабдықтарымен жабдықталмаған, билет касса жұмыстарын автоматтандыру үшін тағайындалған терминал жабдығы;

6) алып тасталды - ҚР Көлік министрінің м.а. 11.04.2025 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7) жол жүру құжаты (билет) – жолаушыны тасымалдау шартының жасалғанын куәландыратын және жолаушылар поезымен жол жүру құқығын беретін, қағаз түрінде немесе электронды-цифрлық нысанда ресімделген құжат (электронды жол жүру құжаты);

8) жолаушылар поезы – жолаушыларды теміржол қатынасының барлық түрімен тасымалдауға арналған поезд;

9) жолаушыларды теміржол көлігімен экспресс-тасымалдау – жолаушылардың жол жүру уақытын қысқарта отырып, ең аз аялдама жасайтын, жасалу құрылымы сағатына 200 км дейінгі жылдамдықпен жүретін вагондардан құрастырылған жүрдек жолаушылар поездарымен тасымалдау;

10) жолаушылардың жол жүру құны – плацкарт және билет бөліктерінің жиынтығы ;

11) жолсеріктің мобильді терминалы (бұдан әрі – ЖМТ) – отырғызу талонын бере отырып, электронды жол жүру құжаттарын ресімдеу, санайтын және заңдылығын тексеру бойынша жолаушылар тасымалдарын басқарудың автоматтандырылған жүйесінің терминалдық жабдықы, бағдарламалық-техникалық кешен;

12) жүрдек поезд – жол жүру уақытын қысқарта отырып, ең аз аялдайтын жасалу құрылымы сағатына 200 км дейінгі жылдамдықпен жүретін вагондардан құрастырылған поезд құрамы;

13) қала маңы поезы – облысаралық, ауданаралық (облысішілік, қалааралық) және қала маңы қатынасында жүретін, мотор-вагонды жылжымалы құрамнан (электр немесе дизель поездан) немесе отыратын орындары бар жолаушылар вагондарынан құрастырылған поезд;

14) отырғызу талоны – жолаушының электронды жол жүру құжаты бойынша поезға отырғанын және жол жүргенін куәландыратын құжат;

15) плацкарт құны – жолаушылар тасымалданатын жалпы қашықтықпен белгіленетін вагонды пайдалану және жол жүру барысында жолаушыларға қызмет көрсету ақысын қамтитын жол жүру құнының бір бөлігі;

16) поездағы халық саны – жолаушылардың поездың барлық жол жүру бағыты бойынша вагондардағы орындарды пайдалану көрсеткіші.

17) рейс – поездың құрастыру пунктінен кері қайтқанға дейін жол жүруі;

18) стандарт поезд – жолда көрсетілетін сервистік қызмет түрі шағын, қауіпсіз жол жүру талаптарына жауап беретін жолаушылар вагондарынан құрастырылған поезд құрамы;

19) тікелей қатынайтын вагон - екі және одан да көп поездардың құрамдарында қайта тіркеумен жүретін вагон;

20) уәкілетті орган – теміржол көлігі саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

21) ұйымдасқан жолаушылардың тобы – бір жолаушылар поезымен, сондай-ақ санатты әртүрлі вагондарда межелі бір пунктке дейін бірге жүретін кемінде 10 жолаушыдан тұратын топ;

22) ұйымдасқан балалар тобы – жасы 15 ке жасқа дейінгі балалардан тұратын, кемінде бір жауапты ересек адамның 10 балаға және бір медициналық қызметкердің бір топқа ілесіп жүруімен жол жүруді жүзеге асыратын жолаушылардың ұйымдасқан тобы;

23) фирмалық пойыз – ҚР СТ 1547 "Халыққа қызмет көрсету. Жолаушылар пойыздарында жолаушыларға қызмет көрсету. Жалпы талаптар" Ұлттық стандартына сәйкес пойызға ерікті негізде берілетін жолаушылар пойызының санаты;

24) келісілген поезд-жолаушының қайта отырғызу станциясына келуі және оның осы станциядан межелі станцияға дейін жөнелтілуі арасындағы 1 сағаттан кем емес айырмашылықты ескеретін, поезд;

25) ревизордың мобильді терминалы (бұдан әрі – РМТ) - Тасымалдаушының нормативтік құжаттарына сәйкес тексеру жүргізу мүмкіндігімен электронды жол жүру құжаттарын санайтын және заңдылығын тексеру жөніндегі бағдарламалық-техникалық кешен;

26) цифрлық құжаттар сервисі – операторға бекітілген және мемлекеттік функцияларды және олардан туындайтын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді іске асыру мақсатында, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау, электрондық нысанда қызметтерді алу және көрсету кезінде электрондық құжаттарды жасауға, сақтауға және пайдалануға арналған "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының объектісі.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар Заңда айқындалған мәндерде қолданылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 22.07.2021 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.04.2025 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

4. Жолаушыларды, багажды және жүк-багажды тасымалдау жолаушылары, багажбен, жүк багажды тасымалы жөніндегі операцияларды орындау үшін ашық теміржол станциялары мен аялдама пункттері арасындағы теміржолдар бойынша жүзеге асырылады.

Станциялар мен аялдама пункттерін ашылу және жабылу, олардың атаулары мен олар орындайтын коммерциялық операциялардың сипатының өзгертіндегі туралы ақпарат тиісті тарифтік басшылықтарда жарияланады.

5. Ұлттық теміржол компаниясы немесе орындарды резервтеу және билеттерді сату жүйелерінің операторлары уәкілетті органға және (немесе) құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарға жол жүру бағыттарын, жолаушылардың деректерін, оның ішінде интернет-ресурстар арқылы сатып алынған жол жүру құжаттарының ( билеттерінің) саны туралы көрсете отырып, теміржол көлігінде ресімделген және ( немесе) брондалған билеттер туралы мәліметтерді ұсынады.

Ұсынылатын мәліметтер ақпараттық дерекқорда кемінде бес жыл сақталады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 11.04.2025 № 112 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Жол жүру құжаттарын (билеттерді) сату, олардың жарамды мерзімін ұзарту және билет кассаларының жұмысын ұйымдастыру

6. Жолаушыны тасымалдау шартының жасалғандығы жол жүру құжатымен ( билетпен) куәландырылады. Бұл ретте, жолаушы тасымалдау шарты жасалған жағдайда тасымалдаушы тарифіне сәйкес өз жол ақысын төлейді, ал тасымалдаушы оның межелі станцияға дейін тасымалдануын қамтамасыз етеді.

Тасымалдаушы жолаушы көрсеткен межелі станцияға дейін өзі құрастырған пойыздарға жол жүру құжаттарын (билеттер) сату жұмыстарын қамтамасыз етеді. Басқа тасымалдаушылардың пойыздарына жол жүру құжаттарын (билет) сату жұмыстарын ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 23 қыркүйектегі № 742 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы теміржол көліктеріне жол жүру құжаттарын (билет) сату жұмыстарын ұйымдастыру ережесіне сәйкес жасалған шарттардың негізінде рұқсат етіледі.

7. Жол жүру құжаттарын (билеттерін) сату кезінде тасымалдаушы жол жүру құжаттарын (билеттерін) сатуды ұйымдастырғаны үшін 0,06 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде алым алады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 22.09.2025 № 306 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Жолаушылар пойыздарына жол жүру құжаттарын (билеттерін) сату пойызды қалыптастыру және оның айналымы станцияларынан жүзеге асырылады:

жолаушылар пойыздары үшін – сатылу ерекшеліктері осы Қағидалардың 79-тармағында көрсетілген ұйымдасқан жолаушылар топтарының өтінімдерін қоспағанда, пойыз жөнелтілгенге дейін кемінде 45 (қырық бес) тәуліктен 10 (он) минутқа дейін;

қала маңындағы пойыздарға - пойыз жөнелтілгенге дейін 10 (он) тәуліктен 10 (он) минутқа дейін.

Жолаушылар пойыздарына жол жүру құжаттарын (билеттерін) сату 45 (қырық бес) тәулік бұрын Астана уақыты бойынша таңғы сағат 7:00-ден бастап жүзеге асырылады.

Аралық станцияда сату тасымалдаушы белгілеген сату режиміне байланысты жүргізіледі.

Жол жүру құжаттарын (билеттерді) сату пойыздың жүруіне дейін 10 минут қалғанда тоқтатылады.

Мүгедектігі бар адамдардың жол жүруіне арналған мамандандырылған купедегі орындарға жол жүру құжаттарын (билеттерін) сату:

1) сату ашылған сәттен бастап:

1-топтағы мүгедектігі бар, жүріп-тұруы қиын, жүріп-тұру үшін көмекші құралдарды (тифлотростар, балдақтар, жаяу жүргіншілер, кресло-арбалар) және (немесе) басқа адамдардың көмегін пайдаланатын адамға және оны алып жүрушіге;

мүгедектігі бар балаға (18 жасқа дейін) және онымен бірге жүрушіге;

медициналық ұйымға (ұйымдарға) кезек күттірмейтін сапарлар кезінде баратын адамға және оған ілесіп жүрушіге.

Бұл ретте ресімдеу тек билет кассаларында жүргізіледі.

2) қалған мүгедектік топтарының жолаушыларына пойыз жөнелтілгенге дейін 7 ( жеті) тәулік бұрын.

Бұл ретте жол жүру құжаттарын (билеттерін) ресімдеу осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес жүргізіледі:

мүгедектігі бар адамға және балаға 13-тармақта көрсетілген жолаушының құжаттарын көрсеткен кезде және мүгедектігі бар адамның мәртебесін растаған кезде;

медициналық ұйымға (ұйымдарға) шұғыл сапарлар кезінде, 13-тармақта көрсетілген жолаушының құжаттарын және күтімінде жолаушының шұғыл сапарға және сүйемелдеуге мұқтаж екендігі көрсетілген медициналық мекеме берген құжатты көрсеткен кезде келесі адамға;

13-тармақта көрсетілген жолаушының құжаттарын көрсеткен кезде ілесіп жүрушіге.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 11.04.2025 № 112 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Жолаушы поездың жүру бағыты бойынша жолаушылар операциялары үшін ашық кез келген станцияға дейін кез келген санаттағы вагонға және поезға жол жүру құжатын (билетін) сатып алады.

Жолаушының межелі станциясына дейін тікелей қатынайтын пойыз болмаған жағдайда алғашқы жол жүру құжатында көрсетілген межелі станциядан (ауысып отыру пунктінен) келесі поезға (келісілген пойызға) екінші жол жүру құжаты ресімделеді. Келісілген поездарға жол жүру құжаттарын (билеттерді) ресімдеу келісілген поездардың ауысып отыру пунктіне келу және кету уақыты арасында кемінде 1 сағат айырмашылықпен жүзеге асырылады.

Тікелей қатынайтын вагондарға жол жүру құжаттарын (билеттерді) сату осы вагондар баратын межелі пунктке дейін немесе пойыз негізгі жол жүру маршрутынан ауытқыған учаскеде орналасқан пункттерге дейін жол жүретін жолаушыларға басымдықпен жүргізіледі. Бұл ретте поездың ауытқыған пунктіне дейінгі кез келген станцияға жол жүретін жолаушыларға жол жүру құжаттарын (билеттерді) сату құрастыру пунктінен поезд жөнелтілгенге дейін 72 сағат бұрын жүзеге асырылады.

10. Билет кассасы, егер пойызда бос орын болмаса, жол жүру құжаттарын ( билеттерін) сатудан бас тартады.

Жолаушының бір купенің төрт орнына дейін жол жүру құжаттарын (билеттерін) сатып алуына жол беріледі. Бұл жағдайда жолаушы купеде сатып алынған орындардың жалпы саны бойынша жол жүру құнын толық тариф бойынша төлейді. Бұл ретте жол жүру құжатында (билетте) көрсетілмеген адамдардың жол жүруіне жол берілмейді.

Арнайы тасымалдарды қоспағанда, бір адамға бір пойызға төрт орыннан артық жол жүру құжаттарын (билеттерін) ресімдеуге жол берілмейді. Жол жүру құжатының ( билеттің) бір бланкісінде бір адамға жол жүру ресімделеді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 11.04.2025 № 112 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Жолаушыларға вагондағы орын санынан тыс жол жүру құжаттарын (билеттерді) сатуға жол берілмейді.

12. Жол жүру құжаттарын (билеттерін) ресімдеу автоматтандырылған басқару жүйесінде (бұдан әрі – АБЖ), оның ішінде фискалдандырылған компьютерлік жүйеде, сондай-ақ диспетчерлік терминал (ДТМ), өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары, интернет-ресурстары көмегімен осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген жолаушылар құжаттарының бірінің негізінде және ЖТП арқылы жолаушы немесе қала маңындағы пойыздың жолсерігі электрондық жол жүру құжатын бере отырып жүргізіледі.

Қала маңы пойыздарына теміржол билет кассалары, жолаушылар агенттіктерінің билет кассалары, электрондық терминалдар және интернет-ресурстар арқылы жол жүру құжаттарын (билеттерін) ресімдеу кезінде жолаушының деректерін аты, тегі, әкесінің аты (болған жағдайда) (бұдан әрі – Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН), осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген жолаушылар құжаттары бірінің нөмірін) көрсету қажет.

Қолайлылығы жоғары электр пойыздарының вагондарын қоспағанда, қала маңындағы пойыздарға жол жүру құжаттарын (билеттерін) ресімдеу кезінде жолаушының құжаттарын көрсету талап етілмейді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 11.04.2025 № 112 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Жол жүру құжатын (билетті) ресімдеу жолаушының жеке басын куәландыратын мынадай құжаттардың бірін, оның ішінде цифрлық құжат нысанында (бұдан әрі – жолаушы құжаттары) ұсынған кезде жүргізіледі:

Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;

Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі;

шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхаты;

азаматтығы жоқ адамның куәлігі;

босқын куәлігі;

Қазақстан Республикасының дипломатиялық паспорты;

Қазақстан Республикасының қызметтік паспорты;

Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігі;

шетелдік паспорт;

қайтып оралуға арналған куәлік (басқа мемлекеттердің азаматтары үшін, олар Қазақстан аумағында өз отанына бару маршруты бойынша жеке басын куәландыратын құжатты жоғалтқан жағдайда);

туу туралы куәлік (16 (он алты) жасқа дейінгі балалар үшін.

Сондай-ақ мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер үшін – әскери билетті көрсеткен кезде жол жүру құжатын (билетін) ресімдеуге жол беріледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 11.04.2025 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Жол жүру құжаттарын (билеттерді) АБЖ арқылы ресімдеу кезінде мәліметтер осы жүйенің терминалына қосылған билет басу құрылғысымен басылады. БАЖ арқылы жеңілдікпен және тегін жол жүруді ресімдеу кезінде жол жүру санатын көтергені үшін қосымша ақы төлеу туралы мәліметтер жол жүру құжатының (билеттің) сол бланкісінде басылады.

Жол жүру құжаттарында (билеттерде) өшіруге жол берілмейді.

АБЖ арқылы ресімделетін жол жүру құжаттарында (билеттерде) аралық станциялардағы билет кассиріне, егер ол жүру барысында өзгерсе, поездың нөмірін қолмен түзетуге рұқсат етіледі.

15. Жол жүру құжаттарын (билеттерді) ДТМ арқылы ресімдеу шарикті қаламды (көк, қара немесе күлгін сиямен) пайдалана отырып, сөздерді қысқартусыз анық жүргізіледі. Дайын мәтіні бар штемпельдерді қолдануға рұқсат етіледі.

Жол жүру құжатының (билеттің) екі бөлігінде тиісті бағандарды толтырғаннан кейін жол жүру құнына, вагонның түріне, поездың санатына және жолаушылардың санына (топтық жол жүру құжатында (билетте) сәйкес бланкінің бақылау талонын кесу жүзеге асырылады.

ДТМ арқылы ресімделген және жолаушыға берілетін жол жүру құжатында (билетте) мынадай анық көрінетін мәліметтері бар мастикалық немесе инелі компостерлік

белгілер қойылады: поезд нөмірі, күні, айы, жылы. Қажет болған жағдайда жыл тек бір санмен белгіленеді.

Жол жүру құжаттарын (билеттерді) инелі компостирлеу оларды көлденең сызық бойынша бірінші бөлікті басып, екі есе бүктегеннен кейін иілген түбіршектермен бір мезгілде жүргізіледі, бұл ретте түбіршек жол жүру құжаты (билет) бланкісінің ішіне салынады.

Мастикалық компостер жол жүру құжатының (билетінің) бланкісіне және түбіртегіне салынады.

Компостерлік белгілерді жабу кезінде айқастырма түрінде "компостер өтелді" деген мөртабан қойылады және өтеу күні мен сағаты көрсетіледі. Осы белгілер уәкілетті тұлғаның қолымен (билет кассирімен) және станцияның мөрқалыбымен расталады.

16. Жол жүру құжаты (билет) қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз есеп айырысу үшін беріледі.

17. Жеңілдікті немесе тегін жол жүру құжатын (билетін) ресімдеу үшін жеңілдіктерге немесе тегін жол жүруге құқық беретін құжатты көрсету қажет.

Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жол жүру құнының 50% (елу) мөлшерінде, ал коммерциялық маршруттар бойынша тасымалдаушының қалауы бойынша жол жүру жеңілдігі белгіленеді:

барлық мүгедектік топтарындағы адамдарға, сондай-ақ мүгедектігі бар балаларға ( 18 жасқа дейін);

1, 2 топтағы мүгедектігі бар адамдарды және мүгедектігі бар балаларды (18 жасқа дейін) ертіп жүрушілер.

Сондай-ақ, әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жол жүру құнының 50 % ( елу) мөлшерінде, ал коммерциялық маршруттар бойынша тасымалдаушының қалауы бойынша 1, 2 топтағы мүгедектермен және мүгедек балалармен (18 жасқа дейін) бірге жүретін адамдарға жол жүру жеңілдігі белгіленеді.

Ілесіп жүретін адам үшін жеңілдікті жол жүру құжатын (билетін) ресімдеу бір жол жүру бағыты бойынша бір вагонда 1, 2 топтағы мүгедектігі бар адам мен мүгедектігі бар балалар (18 жасқа дейінгі) үшін жеңілдікті жол жүру құжатын (билетін) ресімдеумен бір мезгілде жүргізіледі.

Ілесіп жүретін адам үшін жеңілдікті жол жүру құжатын (билетін) 1, 2 топтағы мүгедектігі бар адам мен мүгедектігі бар балалар (18 жасқа дейінгі) үшін жеңілдікті жол жүру құжатынан (билетінен) бөлек ресімдеуге жол берілмейді.

Мүгедектігі бар адам үшін ресімделген жеңілдікті жол жүру құжатын (билетін) қайтарған кезде бір мезгілде ілесіп жүретін адам үшін ресімделген жеңілдікті жол жүру құжатын (билетін) қайтару жүргізіледі.

Бұл ретте 1, 2 топтағы мүгедектігі бар адам және мүгедектігі бар балалар (18 жасқа дейін) үшін ресімделген жеңілдікті жол жүру құжатының (билетінің) (қайтарылған/

қайтарылмаған) мәртебесіне қарамастан ілесіп жүретін адам үшін ресімделген жеңілдікті жол жүру құжатын (билетін) қайтаруға жол беріледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 11.04.2025 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Барлық жол жүру құжаттары (билеттері), сондай-ақ тегін және жеңілдікпен берілгендері басқа тұлғаға берілмеуі тиіс және жолаушының осы ереженің 13-тармағында көрсетілген құжаттарының біреуін көрсеткен жағдайда ғана жарамды болады.

19. Жол жүру құжаттарын (билеттерді) қайта сатуға жол берілмейді. Теміржол вокзалдары мен әскериленділген күзет қызметкерлері теміржол вокзалының аумағында жол жүру билеттерін (құжаттарын) заңсыз сатып алу және қайта сату фактілерінің алдын алу, жолын кесу бойынша барлық қажетті шараларды қабылдайды.

20. Жолаушы өзіне ресімделген жол жүру құжаты (билеті) алған кезде жол жүру құжатында (билетте қамтылған) деректердің (жол жүру құжаты (билеті) ресімделген жолаушының (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі, құжат нөмірі, пойыздың нөмірі және оның жөнелту күні) дұрыстығын тексеріп алуы тиіс.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 22.07.2021 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Қажет болған жағдайда жолаушы жол жүру құжаты (билеті) сатып алынған поездан бұрын кететін поезбен онда бос орындар болған кезде шыға алады. Ол үшін жолаушы жол жүру құжатын (билетін) қайта ресімдеуі қажет. Жол жүру құжатын (билетін) басқа бір жолаушыға қайта ресімдеуге жол берілмейді.

22. Жөнелтілуіне 24 сағаттан аз уақыт қалған пойызға жол жүру құжатын (билетін) жолаушының аты-жөнін өзгертпей қайта ресімдеуге келесі жағдайларда:

1) вагон түрі жоғары немесе төмен санатқа ауысқан кезде;

2) поездың нөмірі мен вагон түрі қатар бір уақытта ауысқан кезде (ерте кететін);

3) бір вагондағы орынды сол типтегі басқа бір вагондағы орынға ауыстырған кезде;

4) сол бір вагондағы орындардың нөмірлері ауысқан кезде жол беріледі.

23. Жолаушы жол жүру құжаттарын (билеттерін) қайта ресімдегені үшін тасымалдаушымен 0,2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде алым алынады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 22.09.2025 № 306 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Жол жүру құжаттарын (билет) қайта ресімдеу жол жүру құжаты қайта ресімделетін поездың жөнелтілуіне 24 сағаттан аз уақыт қалғанда ескі жол жүру құжатын қайтару және жаңасын ресімдеу жолымен жүргізіледі.

25. Жол жүру құжатын қайта ресімдеу – бұрын жүретін поезға ДТМ арқылы ресімделген жол жүру құжатын осы Қағиданың 24-тармағында көрсетілгендей қайта ресімделеді.

26. Егер қайта ресімделген жол жүру құжаты (билет) неғұрлым жоғары санаттағы немесе басқа маршруттағы поезға немесе вагонға ресімделген болса, онда жол жүру құнының айырмашылығы әр түрлі алымдар түбіртегі бойынша алынады. Жолаушының қалауы бойынша санаты неғұрлым төмен поезға немесе вагонға, сондай-ақ басқа маршрутқа жол жүру құжаты (билет) қайта ресімделген жағдайда жол жүру құнының айырмашылығы жолаушыға қайтарылады.

27. Құрамында ауысып отырмайтын вагоны бар поезд келген жағдайда құрамына осы вагонды тіркеу келісілген поезд жөнелтілгеннен кейін жолаушы қажет болған жағдайда сол тасымалдаушының бос орындары бар бірінші жүретін поезына жол жүру құжатын (билет) қосымша ақы төлемей ресімдей алады.

Жолаушы қалауы бойынша жол жүруден бас тарқан жағдайда жүрмеген жолы ( қашықтық) үшін жол жүру құнын толықтай қайтарып алады.

28. Жол жүру құжатының (билеттің) жарамдылық мерзімі уәкілетті тұлға (вокзал қызметкері) тарапынан Жолаушыларды, багажды және жүк багажды теміржол көлігімен тасымалдау ережесі талаптарымен келісілген жол жүру құжатына мерзімі ұзартылатыны туралы белгі қойылатын негізгі мөр/белгі тізіміне сәйкес (бұдан әрі - Тізім) осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес мына жағдайларда ұзартылады:

1) жолаушыға орын ұсынылатын келесі поезд жөнелтілгенге дейінгі уақытқа дейін жолаушыға (отыратын орындары бар вагондардан құрастырылған поездардан басқа) поездан орын берілмеген жағдайда;

2) ауысып отыру пунктіне келісілген поездар кешігіп келген кезде транзитпен келе жатқан жолаушының барлық кідірген уақыты ішінде жолын жалғастыру мүмкіндігі берілгенге дейін;

3) жолаушы жолда небәрі 10 тәуліктен аспайтын мерзімге аялдама жасаған кезде.

## 3-тарау. Жолаушылар вагонының санаты, оның ішінде жайлылық деңгейі

### 1-параграф. Жолаушылар вагондарының санаттары

29. Жолаушыларды теміржол көлігімен тасымалдауға арналған жолаушылар вагондары келесідей жіктеледі:

локомотивпен тартылатын вагондары;

моторвагонды жылжымалы құрамының вагондары;

Локомотивпен тартылатын вагон түрлері келесідей жіктеледі, олар:

1) отыратын орындары бар жалпы вагон – ортақ электр жарығымен, ауа желдеткіш жүйесімен, ортақ радио нүктесімен, дәретханалармен жабдықталған вагон;

2) Турист класты отыруға арналған орындары бар вагон-жеке креслолармен, жеке жарықтандырумен, ауаны баптау жүйесімен жабдықталған вагон;

3) плацкарт вагон:

жатуға арналған орындары бар, сөрелері ярус тәрізді орналасқан, ортақ және жергілікті электр жарығымен, ауа желдеткіш жүйесімен, ортақ радио нүктесімен, дәретхана, ыстық және салқын су резервуарымен, құрама жылу жүйесімен жабдықталған вагон;

Жатуға арналған орындары, 6 орынды купесі бар сөрелері ярус тәрізді орналасқан, ортақ және жергілікті электр жарығымен, желдеткіш жүйесімен, ауа баптау жүйесімен, ортақ радио нүктесімен, биодәретхана, ыстық және салқын су резервуарымен, вагон-электр стансасынан берілетін орталық электрмен жылыту жүйесімен жабдықталған вагон;

CHARMEWL" (ашық типті) вагоны 4 жиналмалы жатын сөресі 10 бөлік және 2 жиналмалы жатын бүйір сөресі 9 бөлік, арнайы багаж орындарымен, ауыз суық/ыстық су беру диспенсерімен, жалпы электр жарығымен, ауаны баптау жүйесімен, ауыстыратын үстелдері бар екі экологиялық таза дәретхана кешенімен, бейнебақылау жүйесімен жабдықталған, әрқайсысы орын жеке электр шамдарымен, электр розеткаларымен және мобильді құрылғыларды зарядтауға арналған USB порттарымен жабдықталған;

4) купе вагон:

жатуға арналған орындары қатты 4 орынды купесі бар, ортақ және дербес электр жарығымен, жеке радио нүктемен, желдету жүйесімен, ыстық және салқын ауыз су резервуарымен, дәретханалармен, сондай-ақ ауа баптау жүйесімен (егер вагонның зауыттағы құрылымымен көзделген болса) жабдықталған вагон;

жатуға арналған орындары қатты 4 орынды купесі мен купе-буфеті бар, ортақ және жеке электр жарығымен, жеке радио нүктемен, желдеткіш жүйесімен, салқын ауыз су резервуарымен, дәретханалармен және ауа баптау жүйесімен (егер вагонның зауыттағы құрылымымен көзделген болса) жабдықталған вагон;

РИЦ габаритті (Regolamento internazionale per le Carroze):

ашық және жеке электр жарығымен, жеке радионүктемен, жолсерікті шақыру батырмасымен, ауаны желдету және ауа баптау жүйелерімен, ыстық және суық ауыз су резервуарымен, дәретханалармен жабдықталған жұмсақ дивандары ярус орналасқан 2 орындық купесі бар;

жатуға арналған 3 орынды купесі бар жұмсақ дивандар ярусты тәрізді орналасқан ортақ және жеке электр жарығымен, желдеткіш, ауаны баптау жүйесімен, әрбір купеде жолаушыларды жууға арналған раковиналармен, ыстық және суық ауыз су резервуарымен, дәретханалармен жабдықталған;

"Турист" класты 4 жиналмалы жатын сөресі бар вагон (төменгі орындар отыруға арналған төрт креслоларға ауыстырылады), ортақ және жергілікті электр жарығымен, ауаны баптау жүйесімен, экологиялық таза дәретханалармен жабдықталған;

"Турист" вагоны (туристік) 4 жиналмалы жатын сөремен және 2 жиналмалы жатын сөремен, ортақ және жергілікті электр жарығымен, ауаны баптау жүйесімен, экологиялық таза дәретханамен жабдықталған;

"Гранд класты PMR – мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған" вагоны (мүгедектігі бар адамға арналған купесі бар бірінші класты жатын бөлмесі) 2 жиналмалы жатын сөрелермен, ортақ және жеке электр жарығымен, ауаны баптау жүйесімен, душпен, экологиялық таза дәретханамен жабдықталған;

4 жиналмалы ұйықтайтын сөресі 10 шығанағы бар "CHARMEWS" вагоны арнайы багаж орындарымен, ауыз суық/ыстық сумен жабдықтау диспенсерімен, жалпы электр жарығымен, ауаны баптау жүйесімен, ауыспалы үстелдері бар екі экологиялық таза дәретхана кешенімен, бейнебақылау жүйесімен жабдықталған, әр орын жеке электр жарығымен, электр розеткаларымен және USB порттарымен жабдықталған мобильді құрылғыларды қайта зарядтау үшін, бас тіреу подиумы, төменгі орындықтар төрт орындыққа айналады, сөрелерді бір-біріне тәуелсіз басқаруға болады;

"CHARMEWSb" вагоны - (купе түріндегі, мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған орындары бар) 2 жиналмалы ұйықтайтын сөре 1 бөлім, 4 жиналмалы ұйықтайтын сөре 4 бөлім, арнайы багаж орындарымен, ауыз суық/ыстық су беру диспенсерімен, жалпы электр жарығымен, ауаны баптау жүйесімен, ауыстыратын үстелдері бар екі экологиялық таза дәретхана кешенімен, жүйемен жабдықталған бейнебақылау, әр орын жеке электр шамдарымен, электр розеткаларымен және мобильді құрылғыларды зарядтауға арналған USB порттарымен, бас тіректерге арналған подиуммен жабдықталған, төменгі орындар төрт орындыққа айналады, сөрелерді бір-біріне тәуелсіз басқаруға болады;

5) жатын вагон:

жұмсақ дивандары төменде орналасқан жатуға арналған орындары бар 2 орынды купесі бар, ортақ және дербес электр жарығымен, желдету, ауа баптағыш жүйесімен ( егер вагонның зауыттағы құрылымымен көзделген болса), ыстық және салқын ауыз су резервуарымен, жеке радио нүктесімен жабдықталған вагон;

жұмсақ дивандары төменде орналасқан жатуға арналған орындары бар 2 орынды купесі бар, ортақ және дербес электр жарығымен, желдету, ауа баптау жүйесімен (егер вагонның зауыттағы құрылымымен көзделген болса), ыстық және салқын ауыз су резервуарымен, жеке радио нүктесімен, сондай-ақ ауа баптау жүйесімен (егер вагонның зауыттағы құрылымымен көзделген болса) жабдықталған вагон;

жұмсақ дивандары төменде орналасқан жатын орындары бар 2 орынды купесі және купе-буфеті бар, ортақ және дербес электр жарығымен, жеке радио нүктемен, желдету жүйесімен, ыстық және салқын ауыз су резервуарымен, дәретханалармен, сондай-ақ

ауа баптағыш жүйемен (егер вагонның зауыттағы құрылымымен көзделген болса) жабдықталған вагон;

"Бизнес" класты (Сингл-Дабл), 2 жиналмалы жатын орындары бар, ортақ және дербес электр жарығымен, желдету, ауа баптау жүйесімен, экологиялық таза дәретханалармен жабдықталған вагон;

"Гранд" класты (бірінші класты жатын) 2 жиналмалы жатын орындары бар, ортақ және дербес электр жарығымен, ауа баптау жүйесімен, жуынып-шайынатын орнымен, экологиялық таза дәретханалармен жабдықталған вагон;

6) вагон, құрамды, оның ішінде қосалқы жүйелерді электр энергиясымен қамтамасыз ететін дизель генераторы бар жолаушылар пойызының қатынауын қамтамасыз етуге технологиялық қажетті вагон;

7) "СТ" типіндегі арнайы вагон – сотталғандарды және күзетпен ұсталатын адамдарды тасымалдауға арналған жолаушылар вагоны.

Моторвагонды жылжымалы құрамның вагондарының түрлері бойынша жіктеледі:

1) дизель және электр пойыздарының вагондары – отыруға арналған орындары бар, жалпы электр жарығымен, ауаны желдеткіш жүйесімен, дәретханамен жабдықталған вагондар;

2) жайлылығы жоғары электр пойызының вагондары:

жалпы электр жарығымен, ауаны желдету жүйесімен, дәретханамен (моторлардан басқа), алты шыны пластик диванмен жабдықталған, жұмсақ ендірмелері бар 3-сыныпты вагондар;

жалпы электр жарығымен, ауаны желдету жүйесімен, дәретханамен жабдықталған 2 (екінші) класты вагондар (моторлықтан басқа), 2 және 3 орындық жұмсақ креслолардың блоктары бірінен соң бірі орналасқан және бір орындық креслолары бар, кіріктірілген үстелдері, бас тіректері, қолтықтары бар және арқаның орналасуын реттеуге арналған құрылғысы бар;

жалпы электр жарығымен, ауаны желдету жүйесімен, дәретханамен (моторлардан басқа) жабдықталған, екі қатарлы 2 орындық жұмсақ креслолары бар, кіріктірілген үстелдері, бас тіректері, қолтықтары бар және арқаның орналасуын реттеуге арналған құрылғысы бар 1 (бірінші) класты вагондар.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 11.04.2025 № 112 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**2-параграф. Жолаушылар поездарын жабдығына және оның сыртқы, ішкі түріне қойылатын талаптар**

30. Қазақстан Республикасы поездарының құрамында жүретін барлық жолаушылар вагондарына поездың санатына қарамай

бейнелер мен ақпараттар келесі тәртіпте орналастырылады:

вагон ортасында (терезелердің қатарында) вагонның зауыт нөмірі орналасады;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы зауыт нөмірінің жоғарғы жағына орналасады;

Вагонның жоғарғы жақ бөлігінің сол жағында жолаушылар поезы тасымалдаушысының логотипі орналасады;

Маршрут бағытының бастапқы және соңғы маршруттар көрсеткіші және вагонның реттік нөмірі графикалық немесе электронды түрде жасалады. "Тальго" фирмасының жолаушылар вагондарында электронды маршрут көрсеткіштері сыртқы есіктің жанында орналасады;

31. Вагонның терезелері көмескі (тонировка) болған жағдайда маршрут көрсеткіштерін вагонның бүйірдегі қабырғасына ілуге рұқсат етіледі;

32. Вагондардың кіру есіктері екі жағынан тұтқалармен жабдықталады, қайырмалы алаңдар сенімді бекітіледі ("Talgo" фирмасының вагондарын қоспағанда).

33. Вагондар төмен платформадан ("Talgo" фирмасының вагондарын қоспағанда) отырғызу (түсіру) кезінде жолаушылардың ыңғайлылығы үшін зауыттық конструкцияға сәйкес қосымша баспалдақпен жабдықталуы тиіс.

34. Жолаушылар вагондары ортақ және жеке электр жарығымен, желдету және жылыту жүйесімен, дәретхана кабиналарымен жабдықталады. Жолаушылар вагондары "Talgo", "Тұлпар-Тальго" ауаны баптау жүйелерімен, жолсерікті шақыру батырмасымен (егер вагонның зауыттық конструкциясында көзделген болса), экологиялық таза дәретханалармен жарақтандырылады.

Жолаушылар поездарының купе және ұйықтайтын вагондарының дәліздерінде кілем жолдары, ал купеде – кілемшелер төселінеді.

35. Әрбір вагонда бар және технологиялық жарамды болады:

жолаушыларды жоғары жатын орынға көтеруге арналған қайырмалы сатылар немесе жылжымалы сатылар-басқыштар;

қолданыстағы жарамдылық мерзімі бар өрт сөндіргіштер;

штаб вагондары міндетті түрде поезд бастығының Локомотив бригадасымен байланысы үшін жарамды радиостанциямен қамтамасыз етіледі;

өрт-күзет сигнал беру;

букс қызуын бақылау жүйесі;

техникалық паспортпен белгіленген басқа да құрылғылар мен жабдықтар.

35-1. Теміржол көлігін техникалық пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 544 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11897 болып тіркелген) талаптарына сәйкес келмейтін жылжымалы құрамды пайдалануға жол берілмейді.

Ескерту. Қағида 35-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 07.04.2023 № 223 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Жолаушылар пойызының әр вагоны келесі жарақтармен жабдықталған:

жұмсақ жиналмалы мүлік;

алынып-салынатын жабдықтар мен мүліктер;

дабылдатпа жабдықтары;

медициналық құрал-жабдықтар;

санитарлық гигиена құралдары;

жуып-тазалауға арналған құралдар.

**4-тарау. Жолаушылар поездарында және вокзалдарда жолаушыларға жедел медициналық көмекпен қатар, міндетті қызметтер тізбесі**

37. Жолаушылар пойыздарында вагондардың хабарламасына, санатына және түріне қарай жолаушыларға осы Қағидаларға сәйкес міндетті және қосымша қызметтер көрсетіледі.

Зауыттық құрастырмаларды ескере отырып, теміржол көлігімен жолаушыларды тасымалдауға арналған жолаушылар вагондары вагон түріне, хабарламасына және пойыздың санатына қарамастан, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес пойыздарда жолаушыларды тасымалдауға арналған жолаушылар вагондарының жабдықтау нормаларына сәйкес жабдықталады (бұдан әрі – Жабдықтау нормалары).

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 11.04.2025 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Жолаушылар пойыздарында қолайлылық деңгейі бойынша вагон түріне және пойыздың санатына қарамастан, мынадай міндетті қызметтердің тізбесі көрсетіледі:

1) вагон салонын және купені тәулігіне кемінде екі рет, санитариялық тораптарды – тәулігіне кемінде төрт рет жинау, кілем төсемшелер мен жұмсақ жиһазды шаңсорғышпен шаңын сору тәулігіне кемінде екі рет және ластанған кезде жүргізіледі;

2) купеде, жатын вагондарда, сондай-ақ плацкарт вагондарда бүкіл жол жүру аралығында 6 (алты) сағаттан артық, 6 (алты) сағаттан аз жол жүретін болса – жолаушының қалауы бойынша төсек-орын жабдықтары (матрас, жастық және көрпе) және төсек-орын жиынтығы (екі жайма немесе көрпе жамылғысы бар бір жайма, жастық тысы және орамал) беріледі, бұл ретте 1 (бір) төсек-орын жиынтығы жолаушы бағытының бүкіл кезеңіне қарай беріледі;

3) дәрі-дәрмек қобдишасын пайдалану, алғашқы медициналық көмек көрсету, жақын жердегі станциядан жедел жәрдемді шұғыл түрде шақыру;

4) жабдықтау нормаларына сәйкес дәретхана керек-жарақтарымен қамтамасыз ету;

5) вагон ішін мынадай көрнекі ақпаратпен қамтамасыз ету:

пойыздар қозғалысының кестесі;

өрт болған кезде жолаушыларды эвакуациялау жоспары және іс-әрекеттері;
пойыздың жүру бағыты бойынша санитариялық аймақтар туралы мәліметтер;
кезекші жолсеріктің негізгі міндеттері және жолаушылардың құқықтары;
жолаушылардың вагонда жол жүруінің негізгі қағидалары;
тасымалдаушының, уәкілетті органның "Call орталығының" сенім телефондарының нөмірлері және жолаушылардың кері байланыс орнату үшін тасымалдаушылар сайттарының мекенжайлары;
санитариялық тораптарда жауапты тұлғалардың қолы қойылған санитариялық тораптарды тазалау кестесі;
ақылы сервистік қызметтер болған кезде прейскурантты көрсете отырып, жолаушылар пойызында көрсетілетін қосымша қызметтердің тізбесі;
6) әрбір жолаушы орындығының мыналар туралы ақпарат беретін ақпараттық мультимедиялық ресурстарға қолжетімділігін қамтамасыз ету:
пойыздың қозғалыс кестесі;
сервистік қызметтер;
жолаушылар пойызында жүрудің негізгі шарттары;
ақпараттық ресурста сервис және қызмет көрсету сапасы мәселелері бойынша пікірлер мен ұсыныстарды орналастыру мүмкіндігімен жолаушылар мен қызмет көрсету персоналының құқықтары мен міндеттері;
ойын-сауық бағдарламаларына қол жеткізу;
7) қала маңындағы пойыздарды қоспағанда, қайнаған сумен қамтамасыз ету (оның ішінде "Тальго", "Тұлпар-Тальго" фирмасының пойыздарында ыстық және суық суы бар диспенсерді пайдалану);
8) жолаушыға пойыздың жолаушының межелі станциясына жақындағаны туралы ескерту (тәуліктің кез келген уақытында);
9) жолаушы сатып алған орын орналасқан купе ішінде ұялы телефондарды зарядтау (егер вагонның зауыттық конструкциясында қарастырылған болса және электр схемасында көзделген ток кернеуінің қажетті деңгейі болған жағдайда);
10) мүгедектігі бар адамдарға, науқастарға, қарттарға және жас балалары бар жолаушыларға төсек-орын жабдықтарын төсеу;
11) жолаушылар пойызында кедергісіз жүріп-тұруы үшін дене мүмкіндіктері шектеулі жолаушыларға мобильді кресло-арба беру.
Жоғарыда аталғандардан басқа, "Тальго" фирмасының вагондарынан жасалған жолаушылар пойыздарында жол жүру құнына енгізілген мынадай қосымша қызметтер көрсетіледі:
фирмалық пойыздар вагондарындағы плацкарт вагондарын қоспағанда, қалыптастыру және айналым пункттерінде, жол жүру жолында – жолаушы ауысқан кезде (жолаушының қалауы бойынша) төсекті жинау;

жолаушыларды баспасөз басылымдарымен және/немесе электрондық баспасөз басылымдарымен қамтамасыз ету.

Жол жүру жолында діни жоралғыларды өткізу үшін вагон жолсерігі 10 (он) минутқа жолсеріктің қызметтік купесін пайдалануға рұқсат етеді.

Мүгедектігі бар адамдардың теміржол көлігі саласында көрсетілетін қызметтерді пайдалануы үшін пойыз құрамы кресло-арбамен жүріп-тұратын адамдарды отырғызатын және түсіретін арнаулы көтергіш құрылғылары бар (егер көтергіш құрылғылар вагонның, пойыз құрамының зауыттық конструкциясында көзделсе) вагонмен қамтамасыз етіледі, вагонда кресло-арбамен жүріп-тұратын жолаушыларға арналған арнайы орындар болуы тиіс.

Тасымалдаушы жолаушыларға қызмет көрсетуге байланысты қосымша сервистік қызметтерді ұсынады.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 11.04.2025 № 112 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Теміржол вокзалдарында міндетті қызметтердің көрсетілетін түрлері көрсетіледі , оның ішінде теміржол көлігі саласында қызметтердің мүгедектігі бар адамдардың қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін қызметтер:

1) билет кассасы бар орындарды ұсыну қызметтері;

2) тасымалдау процесіне байланысты халыққа ауызша, радиотрансляциялық, көрнекі ақпарат арқылы ұсынылатын анықтамалық-ақпараттық қызметтер;

3) халыққа ортақ пайдаланылатын үй-жайларға (фойе, күту залдары, касса залдары, вокзал өтпелері, жолаушылар платформаларына) қол жеткізуді ұсыну жөніндегі қызметтер);

4) медициналық пункттің жұмыс істеуі;

5) санитариялық-тұрмыстық үй-жайларды ұсыну жөніндегі қызметтер;

6) мүгедектігі бар адамдардың автокөлік құралдарын қою үшін арнайы жол белгілерін орната отырып орын бөлу (вокзал маңы алаңы болған жағдайда);

7) халықтың қауқары аз топтарының қозғалуына арналған ғимараттарды, ғимараттарға кіреберіс жолдарды (ғимаратқа кіреберіс, баспалдақтарды), ғимарат ішіндегі қозғалыс жолдарын бейімдеу;

8) Заңның 17-2-бабына сәйкес есту және көру қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді ақпараттық сигналдық құрылғылармен және байланыс құралдарымен жабдықтау;

9) тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар адамдарға және халықтың жүріп-тұруына шектеулі басқа да топтарына қызмет көрсету үшін кезекші кресло-арбаларды ұсыну;

10) қоғамдық дәретханаларды кресло-арбамен жүріп-тұратын адамдарға арналған кабиналармен жабдықтау;

11) алып тасталды - ҚР Көлік министрінің м.а. 11.04.2025 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Теміржол көлігі саласындағы мүгедектігі бар адамдар үшін көрсетілетін қызметтер Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.12.2022 № 761 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 11.04.2025 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

40. Теміржол вокзалдарында вокзалдардың технологиялық мүмкіндігіне қарай жолаушыларға және халыққа қызмет көрсетуге байланысты қызметтердің қосымша түрлері ұсынылуы мүмкін.

41. Теміржол вокзалдарында жолаушылар жолаушылар поездарының жөнелтілу және келу уақыты, жолаушылардың жол жүру және багажды (жүк-багажды) тасымалдау құны, поездарда бос орындардың болуы, шұғыл медициналық көмек, шағымдар мен ұсыныстар кітабының орналасқан жері, билет және багаж кассаларының жұмыс режимі, вокзал үй-жайларының орналасуы, сондай-ақ халыққа көрсетілетін қызметтер тізбесі туралы қажетті және дұрыс ақпаратпен қамтамасыз етіледі.

Жолаушылар пойыздарының қозғалыс кестесі теміржол вокзалдарының ақпараттық-анықтама таблосында орналастырылады, анықтамаларда және интернетте көрсетіледі.

Тасымалдаушы жолаушылар поездарының қозғалыс кестесі туралы ақпаратты жолаушылар поездарында орналастырады.

Ақпарат беру тілдерді, мәтіндерді, Брайльдің бедерлі-нүктелік шрифтін, тактильді қарым-қатынасты, ірі қаріпті, қолжетімді мультимедиялық құралдарды пайдалана отырып, мүгедектігі бар адамдар үшін де қамтамасыз етіледі.

Теміржол көлігі қызметтерін пайдаланушылар үшін барлық ақпарат тасымалдау шарттарының өзгеруіне байланысты уақтылы жаңартылады. Анықтама бюросы жолаушыларға ауызша ақпарат береді.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.12.2022 № 761 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 5-тарау., поездарда төсек-орын жабдықтарын беру және басқа да қызметтерді көрсету мен жол жүру талаптарының өзгеру жолаушы жол жүру шарттары тәртібі.

### 1-параграф. Жол жүру шарттары

42. Жолаушылар жолаушыларды отырғызу және түсіру жөніндегі операцияларды орындау үшін ашық теміржол станцияларынан және аялдама пункттеріне дейін тасымалданады.

Станциялар мен аялдама пункттерін ашу және жабу, олардың атаулары мен олар орындайтын коммерциялық операциялардың сипатын өзгерту туралы ақпарат тиісті тарифтік басшылықтарда және интернет сайттарда жарияланады.

43. Жолаушыны отырғызу жол жүру құжатында (билетте) көрсетілген станцияда және жол жүру құжатында (билетте) көрсетілген поездың жүру барысы бойынша кез келген келесі станцияда жүргізіледі.

"Talgo" және "Тұлпар-Тальго" фирмасының вагондарынан құралған жолаушылар поездарына жолаушыларды отырғызу рұқсат беру сигналын бергеннен және есіктерді жапқаннан кейін тоқтатылады.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен босатылған адамдарды отырғызу вагонның жолсерігіне тиісті түрде ресімделген жол жүру құжатын (билетін), Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 13 ақпандағы № 107 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдарды есепке алуды жүргізу қағидаларына сәйкес берілген босату туралы анықтаманы ұсыну бойынша жүзеге асырылады (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14918 болып тіркелген). Қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің бастығы растаған осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген тізбеден жеке басын куәландыратын құжат. Қалған жағдайларда адамдарды отырғызу осы Қағиданың 44-тармағында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

44. Жолаушы жолаушылар пойызына отырғызу кезінде вагон жолсерігіне осы Қағидалардың 43-тармағында ұсынылған жағдайларды қоспағанда, тиісті түрде ресімделген жол жүру құжатын (билетін) және осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген жолаушы құжаттарының бірін түпнұсқада не электрондық құжат нысанында цифрлық құжаттар сервисі арқылы ұсынады.

Ескертпе!

ҚР Конституциялық Соты 44-тармақтың екінші бөлігінің конституциялылығын тексеру жөнінде іс жүргізу бастады.

Мүгедектігі бар жолаушыларды отырғызу осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген тәртіппен, сондай-ақ қажет болған жағдайда мүгедектікті растайтын құжатты не медициналық мекеме берген, оны күтіп ұстауында жолаушы ауыр жағдайда және ілесіп жүруді қажет етеді деп көрсетілген құжатты көрсету бойынша жүзеге асырылады.

Вагонның жолсерігі жолаушыны вагонға отырғызу кезінде жол жүру құжатын ( билетін) тексереді және оны жол жүру құжатында (билетте) көрсетілген деректердің ( Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) сәйкестігіне цифрлық құжаттар сервисі арқылы

түпнұсқадағы не электрондық құжат нысанындағы жолаушы құжаттарының бірімен салыстырады.

Пойыз бастығы, вагондардың жолсеріктері билетсіз жолаушылардың жол жүруіне және осы Қағидалардың 7-тарауында белгіленген нормалардан тыс қол жүгін тасымалдауға жол бермеу шараларын қабылдайды.

Бас әріптерін қоспағанда атында, тегінде және әкесінің атында екі әріптен аспайтын сәйкессіздік болса, сондай-ақ әкесінің аты бар болса немесе жоқ болса, онда жолаушыны жол жүру құжатымен (билетпен) пойызға отырғызуға рұқсат етіледі.

Жолаушыларды жайлылығы жоғары электр пойыз вагондарынан басқа қала маңы пойыздарына отырғызу кезінде жолаушыдан құжатын көрсету талап етілмейді.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.12.2022 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Жолаушының аты-жөні жол жүру құжатында (билетте) немесе ЖМТ-да көрсетілген аты-жөні, тегімен сәйкес келмеген жағдайда, сондай-ақ жол жүру құжатында (билетте) аты-жөні, әкесінің аты өзгертілген (түзетілген) жағдайда жолаушы осы Қағиданың 44-тармағында көзделген жағдайдан басқа жағдайда поезға отырғызылмайды.

Осындай жол жүру құжаттары (билеттері) бойынша ақшаны қайта ресімдеу және қайтару жүргізілмейді.

46. Жолаушыларды поезға отырғызу кезінде вагон жолсерігі қол жүгі габариттеріне осы Қағиданың 7-тарауында белгіленген нормаларға сәйкестігін тексереді.

Вагонның жолсерігі жолаушыларды вагонға отырғызу кезінде олардың жол жүру құжаттарын (билеттерін) және шығарып салушылардың осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген жолаушының құжаттарының бірінің түпнұсқасын ұмытып кетпегені туралы ескертеді.

47. Әр жолаушы жолаушылар вагонынан жол жүру құжатында (билетте) көрсетілген орынға (орындарға) сәйкес орын (орындар) алады. Осы орындарда бөгде адамдардың жол жүруіне жол берілмейді.

Билет кассалары жоқ станциядан жолаушыны жалпы вагонға отырғызу кезінде жолаушыға орынды вагон жолсерігі анықтайды.

48. Әрбір жолаушы жол жүру құжатын (билетін) немесе отырғызу талонын бүкіл жол жүру уақыты ішінде сақтайды және бақылау жүргізетін адамдардың талабы бойынша (жол жүру құжаты (билеті) екі қабатты слипте, сондай-ақ КТМ арқылы ресімделген және вагон жолсерігінде сақталатын жағдайларды қоспағанда) көрсетеді және осы Қағидаларда белгіленген талаптарды сақтайды.

49. Вагон жолсерігі жолаушыларды вагонға отырғызып болған соң билет кассирі ресімдеген жол жүру құжатын (билетті) ортасынан бүктеп, бүктелген жерінің жоғарғы бұрышынан 1 сантиметрден аспайтын бөлігін жыртып алады.

Жолаушы мыналар арқылы ресімделген жол жүру құжатын (билетін) көрсеткен кезде:

транзакциялық өзіне-өзі қызмет көрсету терминалы – отырғызу талонын жыртып алу;

интернет-ресурстар, өзіне-өзі қызмет көрсету төлем терминалдары, фискалдандырылған билет-кассалық кешен – АТП-да "Отырғызу" белгісін қояды және жолаушының талабы бойынша жолаушыға отырғызу талонын береді.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.12.2022 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. Бақылау купоны, екі қабатты слипте ресімделген жол жүру құжаты немесе автоматтандырылмаған тәсілмен ресімделген жол жүру құжаты (билет) вагон жолсерігінде осы поезда жол жүрудің соңына дейін сақталады.

51. Жол жүру барысында жолаушыға жол жүру құжатына (билетіне) сәйкес вагоннан орын (орындар) беру мүмкін болмаған жағдайда жолаушылар поезының бастығы вагон жолсерігімен бірге және қатысы бар жолаушымен (жолаушылармен) екі данада акт жасайды.

Актіде жолаушының (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), тұрғылықты мекенжайы, байланыс телефондары, жол жүру құжатының (билеттің) нөмірі, поездың нөмірі, оның жүру бағыты, вагонның және орынның нөмірі, жолаушының жөнелтілетін және келетін станциясы, жолаушыға орын бере алмау себебі көрсетіледі.

Поезд бастығы акт жасау кезінде жолаушыға оның келісімі бойынша қызмет купесінен орын ұсынады және бұл туралы актіге жазып көрсетеді. Жолаушы өзіне ұсынылған орыннан бас тартқан немесе оған дәл осы поездан орын беру мүмкін болмаған жағдайда поезд бастығы бұл туралы актіге жазады. Бұндай жағдайда жол жүру құны жолаушыға осы Қағиданың 254-тармағында көзделген тәртіп бойынша қайтарылады.

Актінің бір данасы, тергеп – тексеру және шаралар қабылдау үшін поезды құрастыру пунктіне беріледі, екінші акт жолаушыға беріледі.

52. Жолаушылар тәуліктің кез келген уақытында орындарды пайдаланады. Жоғарғы сөрелерді көтеруді және түсіруді жолаушылардың өтініші бойынша вагон жолсеріктері немесе жолаушылар жүзеге асырады.

52-1. Жолаушылар пойызының вагондарында жол жүру кезінде төменгі және үстіңгі орындардағы жолаушылар вагондардың зауыттық дизайнына сәйкес купелерде немесе секцияларда болса, ас үстелдерін пайдалануға тең қол жеткізе алады.

Ескерту. Қағидалар 52-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.12.2022 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Вагон жолсеріктері жолаушыларға поездың межелі станцияға жақындағаны және поезд жүріп өтетін санитарлық аймақтар шекарасы туралы кемінде 30 минут бұрын ескертеді.

54. Поездан қалып қойған жолаушы бұл туралы станция (вокзал) бастығына немесе осыған уәкілетті адамға мәлімдейді.

Егер поездан артта қалған жолаушының вагонда қол жүгі және (немесе) жол жүру құжаты (билеті) қалған болса, станция (вокзал) бастығы поездың жүру барысы бойынша ең жақын станция (вокзал) бастығының қалдырылған қол жүгін және (немесе ) жол жүру құжатын (билетін) алу туралы телефонограммасымен дереу хабардар етеді.

Станция (вокзал) бастығы көрсетілген хабарламаны алған кезде поезд бастығымен бірлесіп, артта қалған жолаушының қол жүгін және (немесе) жол жүру құжатын ( билетін) алып тастау және сақтау шараларын қабылдайды.

Жолаушылар поезының бастығы қол жүгінің қалған орындарының және (немесе) жол жүру құжатының (билетінің) атауы мен санын көрсете отырып акт жасайды. Актіге поезд бастығы, вагонның жолсерігі және артта қалған жолаушы жүретін вагонда жүретін екі жолаушы қол қояды.

Қол жүгі, жеке заттары және (немесе) жол жүру құжаты (билеті) актімен бірге станцияға (вокзалға) тапсырылады. Станция (вокзал) бастығы жолаушы тұрған станцияға поездан қол жүгін, жеке заттарын және (немесе) жол жүру құжатын (билетін) алу туралы хабарлайды.

55. Жолаушының жол жүру құжатының (билетінің) бланкісі пойыз жөнелтілгеннен кейін шығарып салушыда қалған жағдайда жолаушы билеті жоқ адам болып есептеледі .

Жол жүру кезінде жолсерік бақылау купонын алғаннан кейін, жолаушы жол жүру құжатының (билетінің) бланкісін жоғалтқан немесе жол жүру құжаттарының ( билеттерінің) бланкілері бүлінген (жыртылған, күйіп кеткен) жағдайда, жол жүру құжаттары (билеттер) қалпына келтірілмейді. Бұл ретте жолаушы қажет болған жағдайда жолсеріктегі бақылау купонының негізінде жол жүруді жалғастырады.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 11.04.2025 № 112 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

56. Жолаушылар пойызы вагонында жол жүру кезінде мыналарға:

1) жол жүру құжаттарын (билеттерін) және жолаушының жеке басын куәландыратын түпнұсқа құжаттарын немесе цифрлық құжатынсыз жол жүруге;

2) вагондардың баспалдақтарымен, шатырларымен және вагондардың астымен жүруге, пойыз қозғалысы кезінде отырғызуға және түсіруге;

3) осы Қағидалардың 124-тармағында көрсетілген заттарды қол жүгі ретінде алып жүруге;

4) пойызды қажетсіз тоқтату краны арқылы тоқтатуға;

5) тамбурлар мен және өтпелі аландарда жүруге;

6) вагондардың терезелері мен есіктерінен қоқыс пен басқа заттарды тастауға;

7) халық тұтынатын тауарларды сатуды (саудасын) жүзеге асыруға;

8) есірткі заттарды пайдалануға жол берілмейді.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 11.04.2025 № 112 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. Алмалы-салмалы мүкәммалдың, жұмсақ алмалы-салмалы мүкәммалдың (оның ішінде төсек-орын жабдықтары мен киім-кешектер жиынтығының), алмалы-салмалы жабдықтың, ыдыстың, сондай-ақ вагонның ішкі жабдығының заттарын ішінара, толық бүлдіргені немесе жоғалтқаны үшін өтемақы тасымалдаушы белгілейтін құн бойынша осындай зақым келтірген немесе жоғалтқан адамға жүктеледі.

Бұл жағдайда осындай зақым келтірген немесе жоғалтқан адамның, жолаушылар пойызы бастығының, пойыздық электромеханиктің (борттық механиктің) және вагон жолсерігінің, сондай-ақ куә жолаушысының, жолаушылар пойызының құрамымен бірге жүретін құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қатысуымен үш данада акт жасалады.

Актіде бүлінгені немесе жоғалғаны және адам туралы мәліметтер (Т.А.Ә (бар болса ), ЖСН, жеке басын куәландыратын құжаттың және/немесе жол жүру құжаты (билет) ресімделген құжаттың нөмірі, байланыс телефоны, тұрғылықты мекенжайы) көрсетіледі. Актінің бір данасы Қағидалардың осы тармағының бірінші абзацында санамаланған мүлікке зақым келтірген немесе жоғалтқан адамға қол қойғызып, екіншісі-шаралар қабылдау үшін пойызды қалыптастыру пунктіне беріледі, үшінші дана, егер аталған адам келтірілген залалды өтеуден бас тартса, оқиға фактісін растау үшін жолаушылар пойызының құрамымен бірге жүретін құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне беріледі.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 11.04.2025 № 112 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**2-параграф. Жол жүру шарттарының өзгеруі**

58. Вагонды (пойызды) жол жүру жолындағы немесе қалыптастыру және айналым пунктінде техникалық ақау бойынша ауыстыру және (немесе) ағыту кезінде тасымалдаушы жолаушыларды басқа пойызға ауыстыру немесе оларды осы пойыздағы бос орындарға, оның ішінде неғұрлым жоғары санаттағы вагондардағы орындарға орналастыру жөнінде шаралар қабылдайды.

Вагонға (пойызға) ауыстыру кезінде вагонға қызмет көрсетудің неғұрлым жоғары түрі/класы ауысқан кезде балалары бар жолаушыларға, науқасқа, егде жастағы адамдарға, мүгедектігі бар адамдарға және Ұлы Отан соғысының қатысушыларына

және оларға теңестірілген адамдарға басымдық беріледі. Вагонға (пойызға) неғұрлым жоғары үлгіге/вагонға қызмет көрсету сыныбына ауыстыру кезінде жолаушылардан қосымша ақы алынбайды, ал жолаушының келісімімен вагонға (пойызға) неғұрлым төмен үлгіге/қызмет көрсету сыныбына ауыстыру кезінде осы Қағидалардың 254-тармағында көзделген тәртіппен жол жүру құнының айырмасы төленеді.

Сол пойызда орналастырылмаған жолаушылар бұрын сатып алынған жол жүру құжаттары (билеттері) бойынша уақыт бойынша жақын келе жатқан пойызбен жөнелтіледі.

Тасымалдаушының кінәсінен жолаушылардың басқа вагонға (пойызға) мәжбүрлі ауысуы (ауысуы) әрбір жағдайда пойыз бастығы жасайтын және оның қолы қойылған актімен ресімделеді, сондай-ақ жолаушы мен осы ауысу (ауыстыру) жасалған вокзал қызметкері қол қояды және вокзал (станция) мөрқалыбымен куәландырылады. Актінің бірінші данасы жолаушыға беріледі, ал актінің екінші данасы пойыздың рейсі аяқталғаннан кейін құрамды қалыптастыратын жолсеріктер резервіне беріледі. Сол пойызда белгісіз немесе орналастырылмаған жолаушыға актінің негізінде жүрілмеген қашықтық үшін билет кассасында жол жүрудің толық құнын қайтару жүргізіледі.

Жол жүру шарттары өзгерген, сондай-ақ пойызды 1 сағаттан артық кідірткен және кешіккен барлық жағдайларда вагон жолсерігі жол жүру құжатының (билеттің) сыртқы жағына жол жүруді тоқтату күнін, уақытын, станциясын (пунктін) көрсете отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Тізбеге сәйкес белгі қояды.

Тасымалдаушы рейстер 10 сағатқа және одан да көп кідірген кезде жолаушыларға өз есебінен мейманханада, тиісті кідіріс орындарында орындарды және тамақтануды, оның ішінде мүгедектігі бар адамдардың мұқтаждығын ескере отырып ұсынады.

Жол бойында пойыз аралықта 6 және одан астам сағатқа кідірткен жағдайда жолаушылар тегін тамақпен және ауыз сумен қамтамасыз етіледі.

Тамақты тасымалдаушы ұсынады, ал тегін тамаққа вагон-мейрамхананың негізгі мәзірінен тағамдар кірмейді. Оның ішінде жеңіл тағамдар (чипстер, жаңғақтар, семечкилар, попкорн, балық тағамдары және басқалар. Салқын сусындар, алкогольдік, энергетикалық және басқалар.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 11.04.2025 № 112 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. Жолаушыларды ағытылған вагоннан басқа вагондарға ауыстыру кезінде поезд бастығы вокзал бастығымен (қызметкерімен) бірлесе отырып, жолаушылардың қол жүгін тасымалдауға көмек көрсетуді ұйымдастырады.

**3-параграф. Науқастарды және мәйіт салынған табыттарды алып жүретін адамдарды тасымалдау**

60. Оқшаулауды талап ететін науқастарды тасымалдау алып жүретін оқшауланған купедегі барлық орындардың толық құнын төлеу арқылы жүргізіледі.

Науқастарды жөнелтетін жеке және заңды тұлғалар алдын ала, бірақ күнтізбелік 5 күннен кешіктірмей жеке купеге өтінім береді.

Өтінімге тасымалдау шарттары көрсетілген дәрігердің қорытындысы қоса беріледі.

61. Теміржол көлігімен мәйіті бар табыттарды тасымалдау багаж вагондарда табытты тапсырып отырған тұлғаның жөнелтілетін станцияда мемлекеттік көліктегі қадағалау санитарлық-эпидемиялық органдардан, паталогоанатомалық дәрігердің (сот медицина сарапшы – дәрігері) қорытындысын туралы анықтама берген жағдайда локомотивке еріп жүретін бірінші вагонның жұмыс істемейтін тамбурында тасымалданады. Мәйітті теміржол көлігімен тасымалдау ағаш үгіндісімен, көмірмен немесе торфпен, Ақбалшықпен толтырылған ағаш жәшікке орналастырылған мұқият дәнекерленген металл табытта тасымалданады.

62. Мәйіттері бар табыттар теміржол көлігімен тек бірге алып, жүруші тұлғамен тасымалданады. Егер жолда еріп жүруші қандай да бір себеппен мәйіт салынған табыт баратын поездан кетсе, онда табытты мақсаты бойынша жеткізу кідірмейді.

Алып жүруші тұлғаның жол жүру құжаты (билеті) болады.

63. Жүк вагонында немесе локомотивтен кейінгі бірінші вагонның жұмыс істемейтін тамбурында мәйіті бар табытты тасымалдау үшін тасымалдаушы белгілеген тариф бойынша ақы алынады.

**4-параграф. Тасымалдаудан бас тарту және тасымалдау шартын бұзу**

64. Егер жолаушы қасындағы жолаушылардың мазасын алып болса, тыныданаығын бұзатындай науқас оны бөлек орналастыруға мүмкіндік болмаса, онда тасымалдаушы жолаушыны одан әрі тасымалдаудан бас тартады және поездан түсіреді.

Бұл жағдайда тасымалдаушы жолаушыны поездан дәрігерлік-медициналық персоналдың қатысуымен және медициналық ұйымдар бар станцияда ғана түсіреді. Бұл ретте жолаушыға осы Қағиданың 254-тармағына сәйкес төлемдер қайтарылады немесе осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес Тізбеге сәйкес белгі қойылады. Жолсерік жолаушыға бақылау купонын қайтарады. Бұл ретте поезд бастығы вагон жолсерігінің және медициналық ұйым қызметкерінің қатысуымен 2 данада акт жасайды.

Егер поездан түсіру кезінде жолаушы оның багажы поезда оның баратын станциясына дейін жүруін қаламаса, багаж квитанцияны көрсеткеннен кейін жолаушы поездан шығарылған станцияға беріледі немесе түсірілген жағдайда ең жақын станцияға дейін жүреді. Бірінші кері поезбен багаж тасымалдау құнын төлеген жағдайда, жолаушы поездан түсірілген станцияға қайтарылады. Жолаушы поездан сырқаттануына байланысты түскен жағдайда, жолаушы поездан түсірілген станция ( вокзал) бастығының жеделхат немесе телефонограммасы негізінде жолаушының багажы тегін қайтарылады.

65. Егер жолаушы поезға отырғызу кезінде немесе жол жүру барысында қоғамдық тәртіпті бұзса және басқа жолаушылардың тыныданаығына кедергі келтірсе, тасымалдаушы тасымалдаудан бас тартады.

Бұл жағдайда құқық қорғау органдарының қызметкерлері поезд бастығының және вагон жолсерігінің қатысуымен тірек пункті жұмыс істейтін жақын маңдағы тарифтік станцияда жолаушыны түсіреді, бұл туралы қол жүгінің бар-жоғы көрсетіле отырып, 3 данада акт жасалады. Жолаушыға жол жүру және багажды тасымалдау үшін төлем қайтарылмайды.

**5-параграф. Ресімделмеген жолаушыны, багажды және жүк-багажды тасымалы**

66. Осы Қағидада көзделген поезд бригадаларының қызметкерлері талаптарды тиісінше сақталуын қамтамасыз ету үшін Ұлттық теміржол компаниясы және/немесе тасымалдаушы осы Қағидаға сәйкес ұйымдастырылатын тасымалдаушының шаруашылық қызметін тексеруді (бұдан әрі – тексеру) қамтамасыз етеді.

Поездарды тексеру жұмыстары Ұлттық теміржол компаниясының және/немесе тасымалдаушының ішкі құжаттарында тексеру тәртібі жүктелген тасымалдаушы Ұлттық теміржол компаниясының уәкілетті тұлғалары тарапынан жүргізіледі:

Теміржол көлігі ұйымдарының құралдарын дұрыс пайдалануды және теміржол көлігінде тасымалдау мәселелерін реттейтін ережелерді сақтауды қамтамасыз ету үшін тиісті тексеру жүргізіледі:

жолаушылардың жол жүру құжаттарының (билеттердің) болуы және жарамдылығына;

осы Қағиданың 7-тарауына сәйкес жолаушылардың қол жүгін тасымалдау Қағидаларын сақтауына;

вагон жолсеріктерінің жол жүру құжаттарын (билеттерін) сөндіруінің дұрыстығына;

жолсеріктің 2D-кодты сканерлеу арқылы электрондық жол жүру құжаты (билет) бойынша отырғызу талонын беруіне;

поездық бригада тарапынан вагондарды тиісті ұстауды және жолаушыларға қызмет көрсету сапасын қамтамасыз етуіне;

жолаушылардың поезда, станцияларда (вокзалдарда) қоғамдық тәртіпті сақтауын және темір жол көлігі қызметкерлерінің осы Қағидада көрсетілген талаптарды сақтауын;

жол жүру құжаттарын (билеттерді) сатуды ұйымдастыруына;

кассаларда тасымалдау және жол жүру құжаттарын (билеттерді) беру және ресімдеудің дұрыстығына;

қол жүгін сақтау теміржол камераларының және багаж бөлімшелерінің жұмыстарына;

поездардағы бос және босатылатын орындарды есепке алу және осындай орындар туралы мәліметтерді беру тәртібіне;

вагондармен дұрыс қолдануына (қызметтік, почта, вагон-мейрамханалар, жалға алынған және өзге де);

жабдықтау нормаларына сәйкес жарақтау құралдарының жұмсақ алмалы-салмалы мүкәммалын пайдалану мерзімдерін сақтауына.

Ұлттық теміржол компаниясы, тасымалдаушы уәкілеттік берген кемшіліктерді анықтаған тұлғалар тексеру жүргізе отырып, оларды жоюға шаралар қабылдайды.

Шаруашылық қызметті, жолаушыларды Ұлттық тасымалдаушының поездарын осы Қағиданың талаптарына сәйкестігін карауды Ұлттық теміржол компаниясының және ( немесе) Ұлттық жолаушылар тасымалдаушының уәкілетті тұлғаларымен жүзеге асырады.

Жолаушылар поезын тексеру кезінде жол жүру құжатынсыз (билетсіз) тұлға анықталған болса, жол жүру құжаты (билет) бойынша ресімделген құжатта көрсетілген мәліметтерге жолаушы туралы мәліметтер сәйкес келмеген жағдайда, Қағиданың 44-тармағында көзделген жағдайды есептемегенде, сондай-ақ пайдалануға құқық беретін тиісті құжаттарсыз жеңілдігі бар жол жүру құжатымен анықталған тұлға ресімделмеген болып табылады.

67. Ресімделмеген тұлғаны анықтаған жағдайда Ұлттық теміржол компаниясының, тасымалдаушының уәкілетті тұлғалары осы Қағиданың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша билетсіз жол жүруге 3 данада тексеру нәтижелері туралы акт (бұдан әрі - тексеру нәтижелері туралы акт) жасайды.

Осы Қағиданың 118-тармағында көрсетілген қол жүгін, осы Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес ЛУ-9в нысаны бойынша жол жүру жолында табылған ресімделмеген багажды, жүк-багажды тегін тасымалдау үшін параметрлерден жоғары қол жүгін алып жүргені үшін түбіртектің түпнұсқасы (бұдан әрі-ЛУ-9в нысаны) жолаушыға тапсырылады, төлем туралы түбіртектің түбіршегі ұлттық темір жол компаниясының, тасымалдаушының ішкі қағидаларына сәйкес Ұлттық темір жол компаниясы және (немесе) тасымалдаушының уәкілетті тұлғаларында қалады.

Тексеру қорытындысы бойынша актіде көрсетіледі:

1) тексеруден өткен учаске, күні, уақыты;

2) уәкілетті тасымалдаушының атауы;

3) тексеруден өткен тұлғаның аты-жөні, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және оның (тұлғаның) қызметі;

4) тексерілген субъектінің атауы, жолаушылар поезының нөмірі мен бағыты;

5) тексеру кезінде қатысқан поезд бригадасының (аға жолсерік, вагон-мейрамхана директоры, багаж вагонының қабылдап-тапсырушысы, қызмет вагонының жолсерігі) аты-жөні, әкесінің аты (бар болған жағдайда), туған күні, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттарының атауы мен деректемелері, идентификация нөмірі мен жұмыс орны;

6) тексеру қорытындысы туралы, оның ішінде анықталған заң бұзушылықтар туралы мәліметтер;

7) тексеру кезінде қатысқан поезд бригадасының (аға жолсерік, вагон-мейрамхана директоры, багаж вагонының қабылдап-тапсырушысы, қызмет вагонының жолсерігі) актімен танысуы және танысудан бас тартуы, олардың қолы немесе қол қоюдан бас тартуы туралы мәліметтері;

8) тексеру жүргізген тұлғаның қолы көрсетіледі.

Тексеру қорытындысы туралы актіге тексеру қорытындысына қатысты құжаттар немесе олардың көшірмелері бар болған жағдайда қоса беріледі.

Поезд бригадасы және тексеру кезінде қатысқандар тексеру кезінде ескертулер болған жағдайда оларды жазбаша түрде баяндайды.

Актінің бір данасы поезд бастығына беріледі, екіншісі – поезды қалыптастыру пунктіне жіберіледі, үшіншісі Ұлттық теміржол компаниясының, тасымалдаушының уәкілетті тұлғасында қалады.

Актінің бір данасы поезд бастығына беріледі, екіншісі поезды қалыптастыру пунктіне жіберіледі, ал үшіншісі тасымалдаушының уәкілетті тұлғасына (инспектор, ревизия жасаушы тұлға, ішкі бақылау жөніндегі менеджер) қалдырылады.

68. Ресімделмеген тұлға билет кассасы жұмыс істейтін ең жақын теміржол станциясында түсіріледі.

Қолдан жасалған немесе оған тиесілі емес жол жүру құжатымен (билетімен) табылған адамды поезд бастығы түсіреді және желілік полиция қызметкерлеріне береді , ол туралы оларға еркін нысандағы акт жасалады.

69. Ұлттық теміржол компаниясының, тасымалдаушының уәкілетті тұлғалары жолаушыда ресімделмеген артық қол жүгін немесе багажды барын анықтаған жағдайда , оларды сертификатталған таразылар арқылы өлшеу жүргізіледі, оның негізінде вагон жолсерігінің немесе поезд бастығының (аға жолсеріктің) жауапкершілігіне тексеру нәтижелері туралы акт жасалады және жолаушыдан ЛУ-9в нысанындағы түбіртек бойынша тариф (тасымалдау ақысы) тасымалдаушының пайдасына өндіріліп алынады.

70. Қателесіп, жол жүру құжатында (билетте) көрсетілген бағыттан өзге поезға отырған жолаушы билет кассасы жұмыс істейтін ең жақын станциядан түседі.

Бұл ретте поезд бастығы (аға жолсерік) жолаушыға жол жүру ақысын төлемей негізгі станцияға дейін қайтып бару құқығын беретін (екі данада) акт жасайды. Актінің бірінші данасы жолаушыға беріледі, ал екіншісі поездың қалыптастыру станциясына жолаушыны отырғызған жолсерікке қатысты шара қолдану үшін жіберіледі.

Вокзал бастығы немесе вокзал бойынша кезекші жолаушыға негізгі станцияға дейін қайтып баруға көмек көрсетеді.

Билет кассасы жоқ станцияларда жолаушыларды поездан түсіруге рұқсат берілмейді.

71. Жолаушы олардың растығына күмән келтіретін жол жүру құжатын (билетін) көрсеткен жағдайда, Ұлттық теміржол компаниясының, тасымалдаушының уәкілетті адамдары жолаушы төлеген соманың мөлшерін, жол жүру құжатын (билетін) сатып алу орнын, жолаушының жеке басын және оның тұрғылықты жерін белгілейді және акт жасаудың негізделген себептерін көрсете отырып, акт (3 данада) жасайды. Жол жүру құжаты (билет) ақауы ретінде алынады және тексеру және шаралар қабылдау үшін актінің екі данасына қоса беріледі, актінің үшінші данасы жолаушының одан әрі жүруі үшін поезд бастығына тапсырылады.

## 6-параграф. Поездарда төсек-орын жабдықтарын және басқа да қызметтерді көрсету тәртібі мен шарттары

72. Жолаушылар жол жүрген кезде вагон жолсерігі берген төсек тыстары толық, таза және құрғақ төсек-орын жабдығын ғана қолдануы тиіс. Вагон желсерігі берген төсек тыстары толық болмаса, онда ондай төсек-орын жабдығын пайдалануға жол берілмейді. Сондай-ақ өз төсек-орын тыстарын пайдалануына болмайды.

Рейстегі жолаушылар поездарына берілетін төсек тыстарының саны, сондай-ақ төсек-орын жабдығы мен жұмсақ жиналмалы мүліктерді жуу, химиялық жолмен тазалау, дезинсекциялау шығындарының нормасы жабдықтау нормаларына сәйкес айқындалады.

Вагон жолсерігі төсек-орын тыстары жиынтығын жолаушылардың отырған орындарына апарып береді де оларды жол жүру аяқталған соң жолаушы түсетін немесе ауысып отыратын станцияға келгенге дейін 30 минут бұрын жинап алады. Барлық вагондарда поезд бағытына және санатына қарамастан төсек-орын тыстарын жолсерік өзі жинап алады.

Төсек-орын жиынтығының барлық түріне пайдалануға берілген күн көрсетілуі тиіс.

Жолаушы төсек тыстарын кірлетіп алған жағдайда вагон жолсерігі жолаушының өтініші бойынша төсек-орын тыстары жиынтығын тасымалдаушы бекіткен қосымша ақыға ауыстырып береді.

Жолаушыға берілетін төсек-орын тыстары жиынтығы үшін төленетін ақыны ( алымды) тасымалдаушы белгілейді.

Жолаушы кір немесе дымқыл төсек-орын тысын алған жағдайда оны ашсымен кешіктірмей басқа төсек-орын тысына қосымша ақысыз тегін ауыстырып алу үшін дереу жолсерікке қайтара алады.

Бұл жағдайда осы төсек-орын жабдықтары берілген жолаушының және вагон жолсерігінің немесе жолаушылар поезы бастығының қатысуымен еркін нысанда үш данада акт жасалады.

Актіде жолаушыға кір төсек-орын тысының берілгені және жол жүру құжатында ( билетте) көрсетілген жолаушы туралы деректер көрсетіледі. Актінің бір данасы жолаушыға беріледі, екіншісі жолаушылар поезд бастығында қалады, ал үшіншісі

кірлеген төсек-орын тысының не себептен болғанын анықтау және осындай кемшіліктерге жол берген тұлғаларға тиісті шара қолдану үшін поезд құрастырылған пунктке жіберіледі.

Жолаушы өзіне берілген акт негізінде тиісті уәкілетті органға шағымдана алады.

73. Халықаралық және облысаралық қатынастағы поездардың барлық санаттарында , фирмалық қатынастардан басқа, тасымалдаушының қарауы бойынша поездың жүру жолында тамақтануды ұйымдастыру үшін кемінде бір вагон-мейрамхананы ( вагон-кафетерий, вагон-буфет) поезд схемасына қосуға жол беріледі.

Фирмалық поездың құрамында вагон-мейрамхананың болуы көзделеді.

Ветеринариялық бақылауға жататын, вагон-мейрамханалардың қажеттіліктері үшін пайдаланылатын тауарлар ветеринариялық-ілеспе құжаттармен сүйемелденуі тиіс.

Жолаушылар пойыздарында тамақтандыруды ұсыну кезінде қызмет көрсету тәртібі, шарттары және жол жүру ұзақтығына байланысты вагон-мейрамханалардың саны тасымалдаушымен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-5 бұйрығымен бекітілген "Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22066 болып тіркелген) сәйкес белгілейді.

Ескерту. 73-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 11.04.2025 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

74. Тасымалдаушы жолаушыларға жол жүру жолында (поездың, вагонның санатына байланысты) қосымша мынадай сервистік қызметтер көрсетуді ұйымдастыра алады:

1) поездық ішкі байланыс бойынша ақпарат беру;

2) радио және бейне хабарларын тарату;

3) жолаушының қалауы бойынша төсекті жинау;

4) тез бұзылатын тамақ өнімдерін тоңазытқышта сақтау (Тоңазытқыш болған жағдайда);

5) тамақты микротолқынды пештерде қыздыру (микротолқынды пеш болған жағдайда);

6) вагон-мейрамхана қызметкерлерінің жолаушының қалауы бойынша купедегі тағамдарды жеткізу (поезд құрамында вагон-мейрамхана болған жағдайда);

7) кәдесый және сервистік өнімдерді сату, оның ішінде шай өнімдерімен қамтамасыз ету;

8) өзге де сервистік қызметтер.

75. Жолаушылар поездарында темекі шегуге жол берілмейді.

76. Жолаушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қала маңындағы поездарды қоса алғанда, жолаушылар поездарында сауда тасымалдаушы белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

77. Жолаушыларға құны жол жүру құнына енгізілетін қызметтер кешенін, жайлылығы жоғары вагондарда және фирмалық поездарда ұсыну тасымалдаушы айқындайтын тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

Фирмалық поездар мен жайлылығы жоғары поездардың құрамдарына ауаны баптау жүйесі жарамсыз немесе ол жоқ купелік және ұйықтайтын вагондарды қосуға жол берілмейді.

Жолаушылар поездарының барлық құрамдарында вагондардағы ауаны баптаудың жарамдылығы (егер вагонның зауыттық конструкциясында көзделсе) міндетті.

Вагондағы ауаны баптау жүйесі бұзылған жағдайда вагонның жолсерігі немесе жолаушылар поезының бастығы осы факт туралы вагондағы жабдықты қалпына келтіру және жөндеу жүргізуге уәкілетті тиісті ұйымға осы ақаулықты жою бойынша жедел шаралар қабылдау үшін хабарлайды.

Бұл жағдайда ақаулық фактісін және вагонның жолсерігі немесе жолаушылар поезының бастығы растау үшін осы вагонда келе жатқан жолаушының (ол жүгінген жағдайда) қатысуымен үш данада акт жасалады. Актіде вагондағы ауаны баптаудың ақау фактісі және ақау себептері (егер бұл себептер белгілі болса) көрсетіледі.

Актінің бір данасы вагонның жолсерігінде немесе жолаушылар вагонының бастығында қалады, екіншісі-ақаулық себептерін анықтау және осы бұзушылыққа жол берген адамдарға қатысты шаралар қабылдау үшін поезды қалыптастыру пунктіне беріледі. Үшіншісі-вагондағы ақаулы жабдықты қалпына келтіру және жөндеу жүргізуге уәкілетті адамға беріледі.

78. Жүрдек поездармен (экспресс-тасымалдау) жолаушыларды тасымалдау бойынша қызметті ұйымдастыру кезінде поезды тоқтату көбінесе жолаушылар ағыны жоғары ірі теміржол станцияларында жүргізіледі және жол жүру уақыты баламалы жолаушылар поездарына қарағанда едәуір аз жұмсалады.

**7-параграф. Ұйымдастырылған жолаушылар тобын рәсімдеу және жол жүру**

79. Ұйымдасқан жолаушылар тобының, ұйымдасқан балалар тобының пойызда орын болған жағдайда пойыздардан орындарды резервке қоюға берген жазбаша өтінімдері жеке және заңды тұлғалардан кемінде 45 (қырық бес) тәуліктен бастап және пойыздың жөнелтілуіне 3 (үш) тәуліктен кешіктірмей қабылданады, бұл ретте қолма-қол ақшасыз төлем болған жағдайда, өтінім пойыздың жөнелтілуіне 6 тәуліктен кешіктірмей қабылданады.

Өтінімде мыналар: заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), орындар саны, пойыз нөмірі, вагон түрі, жөнелту күні, жөнелту станциясы және межелі станциясы көрсетіледі.

Заңды тұлғалардан өтінімдер заңды тұлғаның мөрімен (бар болса) және (немесе) мөртабанымен және (немесе) заңды тұлғаның электрондық-цифрлық колтаңбасымен расталған қабылданады.

Өтінімге жолаушылар тобының (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) олардың құжаттарының деректемелері (құжат нөмірі, туған күні, жынысы және азаматтығы) және топ жетекшісінің деректері көрсетілген тізім қоса беріледі.

Орындарды резервке қоюшы ұйымның өтініміне олардан өтінімді қабылдап алғандығы туралы белгі қойылады. Өтінімде көрсетілген пойызда және вагондарда орын жеткіліксіз болған жағдайда, өтінім берушінің келісімі бойынша орындар басқа пойыздан немесе вагоннан ұсынылады.

Егер вагондағы орын саны өтінімдегі орын санына сәйкес келсе, жеке вагондар беріледі.

Пойыздарда орындарды резервтеу үшін тасымалдаушымен:

1) жолаушылардың ұйымдасқан топтарын тасымалдау үшін 0,2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) балалардың ұйымдасқан топтары үшін 0,1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде алым алынады. Бөлінген орындардан бас тартылған жағдайда, төленген алым қайтарылмайды.

Өтінім берушінің келісімінсіз тасымалдаушы вагонның түрін немесе пойыздың санатын ауыстырғанда және осыған байланысты жолаушы жол жүруден бас тартқан жағдайда алым қайтарылады.

Ескерту. 79-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 11.04.2025 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 22.09.2025 № 306 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

80. Орындар резервке қойылғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде, өтінім берген адам жол жүру құнын төлей отырып, резервтелген жол жүру құжаттарын (билеттерді) сатып алады.

Пойыз жөнелтілгенге дейін 6 тәуліктен аз уақыт қалғанда өтініш берген адам резервке қойылған орындарға жол жүру құжаттарын (билеттерді) орындарды резервке қойғаннан кейін тәулік ішінде, бірақ пойыз жөнелтілгенге дейін 3 (үш) күннен кешіктірмей тек жол жүру ақысын төлей отырып қолма-қол ақшамен сатып алады.

Резервке қойылған орындарға жол жүру құжаттарын (билеттерін) сатып алғанға дейін ұйымдасқан жолаушылар тобының, балалардың ұйымдасқан тобының бастапқы тізіміне тек бір рет өзгерістер енгізуге жол беріледі:

топ басшысын ауыстыру;

жолаушыларды ауыстыру жолаушылардың бастапқы тізіміндегі 30% -дан артық емес;

жолаушылар санының бастапқы тізімнен 50%-дан (елу) аспайтын қысқаруы, бұл ретте ең аз сатып алу кемінде 10 (он) жолаушыны құрайды;

жолаушылар санын 9 (тоғыз) жолаушыға дейін ұлғайту.

Егер белгіленген мерзімде жол жүру құжаттары (билеттер) ресімделмесе, өтінім жойылады және сату үшін орындар беріледі, алынған алым қайтарылмайды және алдын ала төлем қайтарылмайды.

Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 11.04.2025 № 112 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

81. Топтық сапардан толық немесе ішінара бас тартқан жағдайда өз бастамасы бойынша пайдаланылмаған жол жүру құжаттары (билеттері) үшін төлемдерді қайтару осы Қағидалардың 260-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

82. Топтық өтінім бойынша жолаушылардың жол жүруін ресімдеу әрбір орынға жеке жол жүру құжатында жүргізіледі.

83. Балалардың ұйымдасқан тобымен жүретін адамдарға жол жүру құжаттарын ( билеттерін) ресімдеу топтық өтінім негізінде жүргізіледі.

84. Ұйымдасқан жолаушылар тобын, балалардың ұйымдасқан тобын отырғызу кезінде топ жетекшісі әрбір жолаушыға жол жүру құжаттарын (билеттерін), жолаушылар тобының аты-жөні жазылған тізімін және осы Қағидалардың 13-тармағында көзделген жолаушылар құжаттарының түпнұсқаларын ұсынады.

Вагонның жолсерігі жолаушыларды вагонға отырғызу кезінде жол жүру құжаттарын (билеттерін) тексереді және оларды жол жүру құжаттарында (билеттерде) көрсетілген жолаушылар тобының тізімімен (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) жолаушылар тобының (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) жолаушылардың құжаттарының түпнұсқаларымен салыстырады.

### 8-параграф. Арнайы "туристік" поездарда тасымалдауды ұйымдастыру

85. Жеке туристік операторлар мен туристік агенттіктердің (бұдан әрі - туристік ұйымдар) өтінімі бойынша тасымалдаушы арнайы туристік поезды ұйымдастырады.

86. Туристік ұйымдардан тасымалдаушының атына туристік поездарды ұйымдастыруға арналған өтінімдер келіп түскен күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде қаралады.

Тасымалдаушы бір маршрут бойынша бірнеше поездың тағайындалуына жол бермеу үшін туристік-экскурсиялық поездардың қозғалыс кестесін пайдалану тізімдемесін жасайды.

87. Арнайы туристік-экскурсиялық поездар олар үшін поездар қозғалысының кестесінде бар тұрақты, арнайы кестелер бойынша, тасымалдаушы жасайтын бір жолғы кестелер бойынша тағайындалады. Туристік-экскурсиялық поездарды медицина қызметкерлері алып жүреді.

88. Арнайы туристік-экскурсиялық поездарға арналған жолаушылар вагондары туристік ұйымдарға тасымалдаушымен жасалатын жалдау шартының талаптарында беріледі.

89. Туристік-экскурсиялық поезда тасымалдауға жалдау шартын жасасу кезінде:

1) облысаралық қатынаста:

поезға енгізілетін барлық жолаушылар вагондары үшін тасымалдаушы көздеген мөлшерлемелер бойынша оларды накты пайдаланған уақыт үшін (жөнелтілген күннен бастап және келген күнге дейін қоса алғанда) жалдау ақысы. Бұл ретте толық емес тәуліктер толық деп есептеледі. Жалға алу үшін төлем тасымалдаушы белгілеген мөлшерде, әрбір күнтізбелік тәулік үшін анықталады;

поездық бригада пайдаланатын орындар үшін төлемдерден және вагон-мейрамханалардың (вагон-кафетерийлер, вагон-буфеттер) қызмет көрсетуші персоналы үшін 8 орынды қоспағанда, туристік ұйымдарға ұсынылатын вагондардағы барлық орындар үшін жолаушылар поезының тарифі бойынша вагондардың қашықтығы мен түріне сәйкес жол жүру құны);

әрбір турист үшін күнтізбелік 7 күнге 1 жиынтық есебінен төсек-орын жабдықтарын пайдаланғаны үшін төлем. Туристік-экскурсиялық поездарға қосылатын вагон-мейрамханалар үшін жалдау ақысын тасымалдаушы алады;

жалға алынған құрамды тіркеу (қалыптастыру) пунктінен туристерді отырғызу орнына туристік поезды қалыптастыру үшін бос жағдайда жіберген кезде, сондай-ақ тіркеу пунктіне оны босату орнынан жүгіргені үшін туристер тасымалдаушы белгілеген мөлшерде, оның ішінде вагон-мейрамханалар үшін ақы алынады;

2) ауданаралық (облысішілік қалааралық) және қала маңындағы қатынаста:

жалдау ақысы, бірақ бір тәуліктен кем емес, әрбір вагон үшін;

туристердің накты саны бойынша қала маңындағы поездарда жол жүру құны, бірақ поездың айналым учаскесінде қолданылатын қала маңындағы тариф бойынша поезда отыруға арналған орындар санынан кем емес.

90. Ауданаралық (облысішілік қалааралық) қатынаста купе және (немесе) плацкарт вагондарынан құралған жолаушылар поездарының құрамдарын пайдаланған кезде жол жүру ақысы тасымалдаушымен алынады.

91. Арнайы туристік-экскурсиялық поезда жол жүру құны вагондардың қашықтығы мен санатына байланысты анықталады.

92. Тасымалдаушымен жалдау шарты жасалғаннан кейін туристік поездың жөнелтілуіне дейін 20 жұмыс күнінен кешіктірмей тасымалдау үшін барлық тиесілі төлемдер (жалдау, жол жүру құны және т. б.) аударылады. Туристік ұйымдар жалға алу шарты тарапынан шарттың екі данасы және тасымалдаумен оның төлемін растайтын қажетті құжаттарды береді.

Тасымалдаушы ішкі есеп саясатына сәйкес төлемнің басқа шарттарын белгілейді.

93. Тасымалдау төлемін растайтын барлық қажетті құжаттар және туристік-экскурсиялық поезды жалға алу шартының көшірмесі туристерге ілесіп жүретін басшыда сақталады және жүру жолында бақылау кезінде ұсынылады.

94. Туристік ұйым шартқа қол қойғаннан кейін туристік ұйымға байланысты себептер бойынша поезд жөнелтілгенге дейін кемінде күнтізбелік 20 күн бұрын бас тартқан жағдайда, осы ұйым тасымалдаушыға тұрақсыздық айыбын төлейді. Көрсетілген тұрақсыздық айыбын туристік ұйым енгізілген төлемдерді қайтарған кезде тасымалдаушы ұстап қалады.

Сол мерзімде тасымалдаушы жалдау шарты жасалғаннан кейін вагондарды беруден бас тартқан кезде туристік ұйымға тұрақсыздық айыбын төлейді.

95. Тұрақсыздық айыбы өндірілмейді:

1) егер жалға алынған құрамды пайдаланудан немесе оны жалға беруден бас тарту поезд жөнелтілгенге дейін 20 күнтізбелік күннен астам уақыт бұрын мәлімделген болса ;

2) құрамды пайдаланудан немесе құрамды жалға беруден бас тарту тараптарға байланысты емес себептер (дүлей сипаттағы құбылыстар, эпидемиологиялық жағдай және басқалар) бойынша және мерзіміне қарамастан болған жағдайларда тоқтатылады.

Туристік-экскурсиялық поездың құрамындағы вагондар санын азайтуға жол берілмейді.

96. Егер турист поездан тасымалдаушының кінәсінсіз артта қалған болса, оның туристік-экскурсиялық поездың орналасқан жеріне дейін жол жүруі оның есебінен жүргізіледі.

Турист тасымалдаушының кінәсінен поездан артта қалған кезде (поезд бұрын жарияланған кестемен жөнелтілген, бұл туралы туристік поездың басшысын хабардар етпестен жөнелту станциясы өзгертілген) арнайы туристік-экскурсиялық поездың тұрақ пунктіне дейін жол жүру тасымалдаушының есебінен ресімделеді.

Турист пойызы науқастануы бойынша тастап кеткен кезде, турист пойыздан шығарылған станцияда станция (вокзал) бастығы акт жасайды, онда вагонның санаты көрсетіледі. Сауыққаннан кейін, медициналық ұйым берген анықтаманың, туристік ваучер және актінің негізінде туристке туристік-экскурсиялық пойыздың орналасқан жеріне немесе оның бастапқы жөнелту станциясына дейін жолаушылар пойызында ( турист барған санаттағы вагонда) жол жүру үшін жол жүру құжаты беріледі. Акт пен анықтама жол жүру құжатын тегін беруге негіз болады.

Егер сапарға топ қатысушыларының толық емес саны жөнелтілсе, онда осы топтың басшысы поездың жөнелтілуіне дейін станция (вокзал) бастығына бұл туралы жол жүру құжатына белгі қою үшін топтық жол жүру құжатын ұсынады. Жол жүру жолында станция (вокзал) бастығы немесе поезд бастығы жүргізген белгі жарамсыз.

Ескерту. 96-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 22.07.2021 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

97. Туристік ұйымдар поезд жөнелтілгенге дейін алдын ала туристерге олардың осы Қағидалардың және жол жүру жолындағы жеке қауіпсіздікті сақтауы туралы нұсқау береді.

**9-параграф. Қызметтік тасымалдар**

98. Жолаушылар поездарындағы теміржол көлігі ұйымдарының мұқтаждары үшін қызметтік тасымалдар осы Қағидаларға сәйкес жалпы негізде жүзеге асырылады.

99. Қызметтік вагондарды беру тәртібі тасымалдаушымен жүзеге асырылады.

100. Жолаушылар поездарының құрамдарында жүретін қызметтік вагондарда жүрген адамдардың жалпыға бірдей белгіленген үлгідегі тиісті түрде ресімделген тегін немесе ақылы жолаушылар жол жүру құжаттары (билеттері), ал багажға тиісті тасымалдау құжаттары болады.

101. Қызметтік вагондарда жүк-багажды тасымалдауға жүк – багаждың тарифі бойынша тиісті ресімдеумен және төлеумен жол беріледі.

**10-параграф. Арнайы поездар мен вагондарда жол жүру**

102. Жеке және заңды тұлғалардың өтінімдері бойынша тасымалдаушы белгілеген жалдау шартымен жолаушылар паркінің арнайы поезын немесе арнайы вагонын ( вагондарын) уақытша пайдалануға беруі мүмкін.

Арнайы поезды немесе арнайы вагонды (вагондарды) жалға беру кезінде шарт жасалады.

103. Арнайы поезды тағайындау кезінде өндіріліп алынады:

1) жолаушылар вагондары үшін, оларды нақты пайдаланған уақыт үшін жалдау ақысы (жалға алушы вагондарды қабылдаған күннен бастап және жалға алушы вагондарды тасымалдаушыға берген күнге дейін қоса алғанда). Жалға алу үшін төлем тасымалдаушы белгілеген мөлшерде әрбір күнтізбелік тәулік үшін өндіріп алынады. Бұл ретте толық емес тәуліктер толық деп есептеледі толық;

2) вагон мен поездың тиісті санатына сәйкес толық тариф бойынша поездағы барлық орын саны үшін жол жүру құны. Саны вагондағы орын санынан асатын жолаушылардың жол жүруіне жол берілмейді;

7 жастан 15 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған жолаушылар арнайы поезда жол жүргенде, жүріп келе жатқан балалардың нақты саны бойынша жол жүру құны ересек жолаушы үшін белгіленген жол жүру құнының 50% мөлшерінде өндіріліп алынады;

3) арнайы поездың құрамында жолаушыларды тасымалдаумен тікелей байланысты емес жолаушылар паркінің вагон-мейрамханасы немесе басқа вагондары болған

жағдайда, жалдау төлемінен басқа, тасымалдаушы белгілеген мөлшерде жүргені үшін ақы алынады;

4) арнайы поездың құрамында багаж вагоны болған кезде багажды тасымалдау құны осы Қағидалардың 104-тармағының 4) тармақшасына сәйкес өндіріліп алынады.

104. Арнайы вагондар берілген жағдайда мыналар өндіріліп алынады:

1) вагондарды пайдаланған нақты уақыты үшін жалға алу құны (жалға алушы вагондарды қабылдаған күннен бастап және жалға алушы вагондарды тасымалдаушыға тапсырған күнді қосқанда). Жалға алу құны тасымалдаушы белгілеген мөлшерде әр күнтізбе тәулікке өндіріліп алынады. Бұл жағдайда тәулікке толмайтын уақыт толық тәулік болып есептеледі;

2) поездың және вагонның санатына сәйекес тариф бойынша вагондағы орын саны бойынша жол жүру құны. Саны вагондағы орын санынан асатын жолаушыларды тасымалдауға жол берілмейді.

Арнайы вагонда жасы 7-ден (жетіден) бастап 15 (он бес) жасқа дейінгі кәмілеттік жасқа толмаған жолаушылар жол жүрген кезде жол жүріп келе жатқан балалардың нақты саны бойынша ересек жолаушылар үшін белгіленген жол жүру құнынан 50% мөлшерінде өндіріліп алынады.

3) қызметтік вагонды (вагон-салон) жеке және заңды тұлғаларға жалға берген жағдайда басқа мекемелерге жалға алу құнынан басқа жүрдек поездың екі орынды купесімен бірге СВ тарифі бойынша 11 жатын орын есебінен жол жүру құны өндіріп алынады;

7 (жеті) жастан 15 (он бес) жасқа дейінгі кәмелетке толмаған жолаушылар жол жүру кезінде жол жүру құны осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес өндіріліп алынады.

Жолаушылардың жол жүру құны жолда ауысып отырмайтын қатынастың әр учаскесіне белгіленеді. Жалға алушының талабы бойынша вагондарды ағыту станциясы, сондай-ақ сол учаскелер бойынша вагонның кері (қайта) жол жүруі басталатын маршруттың ауысу пункті аялдау пункті болып саналады.

4) багаж вагонын жалға берген кезде жалға беру құнынан басқа багаж тарифі бойынша нормасы шектелмей нақты салмағына, бірақ багаж вагонының жүк көтеру нормасынан аспайтын төлем жасау арқылы және жалға беруші белгілеген маршрутқа сәйкес екі бағытқа бірдей жол жүру құжатының берілуі арқылы багажды тасымалдау құны өндіріп алынады. Бұндай тасымалдау кезінде багажды сақтау және оны беру жалға беруші тарапынан іске асырылады.

105. Арнайы поезда немесе арнайы вагондар тобында жүретін жолаушылардың багажы (егер жалға алушы өтінімде арнайы вагоннан басқа багаж вагонын көрсетсе) багаж тарифі бойынша нақты салмағы бойынша ақы төлей отырып, норманы шектемей багаж вагонында тасымалданады, бірақ жүк вагонының жүк көтергіданаігінің рұқсат

етілген нормаларынан аспайтын, тасымалдау құжаттарын жалға алушы көрсеткен маршрутқа сәйкес екі бағытқа бере отырып. Бұл жағдайда багажды тасымалдауды, сақтауды және беруді жалға алушы жүргізеді.

Жолаушылардың қол жүгін тасымалдау осы Қағиданың 7-тарауына сәйкес жүзеге асырылады.

106. Арнайы поезды немесе арнайы вагонды (оның ішінде вагон-салонды) оны тіркеу (қалыптастыру) пунктінен оны жалға алушы орналасқан жерге немесе оны жалға алушы босатылған жерден тіркеу пунктіне жіберген кезде, жалдау төлемінен басқа, тасымалдаушы белгілеген мөлшерде жүрілген жол үшін ақы алынады.

107. Арнайы поезды немесе вагонды жалға алған кезде жол жүру құжаттарын ( билеттерді) алдын ала сатқаны үшін алымдар және басқа да алымдар, төлемдер алынбайды.

108. Төсек-орын жабдықтары жолда жүру кезінде 6 сағаттан кем, жалға алушының қалауы бойынша 6 сағаттан артық, өтінімде көрсетілген жолаушылардың нақты саны бойынша күнтізбелік 7 күнге 1 жиынтық есебімен қосымша ақы үшін беріледі.

109. Өзге де шарттар, оның ішінде осы Қағидаларда көзделмеген төлемдер тасымалдаушы мен жалға алушы арасында жасалған шартта ескертіледі.

**11-параграф. Жолаушылар поездары құрамында жеке және заңды тұлғалардың қарамағындағы вагондардың қатынауы (жүрісі)**

110. Жеке және заңды тұлғалардың меншігіндегі немесе өзге де заңды негіздерде пайдаланылатын вагондардың тасымалдаушының жолаушылар, жедел поездарының құрамында жүруі өтінімдер мен шарттар негізінде жүзеге асырылады.

Вагондарды тіркеуге өтінім поезд жөнелтілгенге дейін кемінде 10 тәулік бұрын беріледі.

Өтінімде: жеке тұлғаның (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) немесе заңды тұлғаның атауы, вагонның жүру бағыты, вагондардың саны, вагонның зауыттық нөмірі, ілесіп жүретін адамдардың саны, поездың нөмірі мен түрі, жөнелту станциясы және межелі станциясы, шығу және келу күні көрсетіледі.

111. Жолаушылар поезының құрамында жеке және заңды тұлғалардың меншігіндегі немесе өзге де заңды негіздерде пайдаланылатын жолаушылар паркі вагондарының жүруін (жүруін) жөнелтушінің өтінімінде көрсетілген деректерге сәйкес ресімделген тасымалдау (жол жүк-багаж тізімдемесі) және жол жүру құжаттарының (билеттерінің) негізінде, тасымалдау үшін ақы төленгені туралы құжаттар болған кезде және Қазақстан Республикасының теміржолдары бойынша жолаушылар поездарының құрамында жүру құқығын растайтын құжатты көрсеткен кезде жөнелту станциясы жүзеге асырады.

112. Қызметтік вагондарды тіркеу және ағыту Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 130 бұйрығымен бекітілген (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6881 болып тіркелген) жолаушылар поездарының құрамындағы жылжымалы құрамды тіркеу және оның бағытымен жүру қағидаларына қосымшаға сәйкес ЛУ-46 нысанындағы куәлік болған кезде жүзеге асырылады. Қызметтік вагондардың жүріп-тұруына куәлікте көрсетілген учаскелер шегінде ғана жол беріледі.

Қызметтік вагондардың жүру бағыты өзгерген немесе олардың күші жойылған кезде жеке немесе заңды тұлға бұл туралы тасымалдаушыны поезд жөнелтілгенге дейін кемінде 12 сағат бұрын хабардар етеді.

113. Вагондарды жолаушылар поездарының құрамына қосу, егер вагон екі және одан да көп теміржол шегінде жүрсе, басқа теміржолдардың келісімі болған кезде тасымалдаушының рұқсаты және егер вагон бір теміржол шегінде жүрсе, тасымалдаушының рұқсаты негізінде жүргізіледі.

114. Жеке және заңды тұлғалардың меншігіндегі немесе өзге де заңды негіздерде пайдаланылатын жолаушылар паркі вагондарының жүруі (жүрісі) кезінде тасымалдаушы белгілеген мөлшерде вагонның жүрісі үшін төлем және вагонның түріне және вагон тіркелетін поездың санатына байланысты вагонда іс жүзінде жүріп келе жатқан, ілесіп жүретін адамдардың саны бойынша билеттердің құны алынады. Вагондағы еріп жүретін адамдардың саны вагондағы орын санынан аспайды.

Тасымалдау төлемдерін өндіріп алу тасымалдаушының шотына ақша аудару жолымен немесе жол жүру басталғанға дейін тасымалдаушының билет кассасына қолма-қол ақша енгізу жолымен жүргізіледі. Бұл ретте тасымалдауды жүзеге асыру үшін тасымалдау және жол жүру құжаттарын ресімдеу тасымалдаушының жазбаша нұсқауы (телеграммалар, факсограммалар) негізінде билет және багаж кассаларында жүргізіледі.

Тасымалдау төлемдерін толық көлемде енгізгеннен және жол жүру және тасымалдау құжаттарын ресімдегеннен кейін тасымалдаушы тасымалдауды жүзеге асырады.

Егер жол жүру жолында немесе жөнелту кезінде жол жүру құжатында көрсетілгеннен көп мөлшерде жолаушылардың жол жүру қажеттілігі туындаса, вагон тіркелетін поездың санатына сәйкес тариф бойынша жол жүру билеттерінің тиісті саны қосымша сатып алынады.

115. Тасымалдаушы ішкі есеп саясатына сәйкес төлемнің басқа шарттарын белгілей алады.

Осы Қағидаларда көзделмеген өзге де талаптар Тараптар арасында жасалған шартпен келісіледі.

## 6-тарау. Жол жүру барысында (он күнге дейін) жолаушыларға аялдама тоқтатуын ресімдеу тәртібі

116. Жолаушы жолаушылар поезында (вагонда) жол жүру кезінде қажет болған кезде жол жүру құжатының (билеттің) қолданылу мерзімін 10 (он) тәуліктен аспайтын мерзімге бір реттен асырмай ұзарта отырып, жол жүру жолында аялдау, сондай-ақ жол жүру жолында жүруді тоқтата алады. 10 (он) тәулік өткеннен кейін жол жүру құжатының (билеттің) қолданылу мерзімі тоқтатылады, жол жүру құны қайтарылмайды.

Жол жүру жолында тоқтаған жағдайда, жолаушы жолсеріктен бақылау купонын, жол жүру құжатын (билетін) не жол жүру құжатына (билетіне) отырғызу талонын және жол жүру үзілген станциядан өзі жүретін поезд жөнелтілгеннен кейін 3 сағат ішінде алады, өзінің бақылау купоны бар жол жүру құжатын (билетін) не жол жүру құжатына (билетіне) отырғызу талонын билет кассасына не вокзал қызметкеріне осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Тізбеге сәйкес Жол жүру құжатына (билетіне) белгі қою үшін, станцияның (вокзалдың) уақытын, күнін, қолы мен мөрқалыбын көрсете отырып ұсынады.

Жол жүру тоқтатылған жағдайда жолаушы жолсеріктен бақылау купонын, жол жүру құжатын (билетін) не жол жүру құжатына (билетіне) отырғызу талонын алады және өзінің бақылау купоны бар жол жүру құжатын (билетін) не жол жүру құжатына ( билетіне) отырғызу талонын билет кассасына өзі жүретін поезд жөнелтілгеннен кейін 3 сағат ішінде көрсетеді. АБЖ терминалдарымен жабдықталған билет кассасында осы Қағидалардың 254-тармағына сәйкес қайтару жүргізіледі.

Егер жолаушы бастапқы жөнелту пунктінде қайта отырғызу станцияларынан бірден екі немесе одан да көп жол жүру құжаттарын (билеттерін) сатып алса, ал жол жүру жолында бірінші жол жүру құжаты (билеті) бойынша басқа жол жүру құжаттарында ( билеттерінде) көрсетілген мерзімде қайта отырғызу пункттерінен шығуға мүмкіндік бермейтін мерзімге аялдама жасауды шешсе, онда бұл жол жүру құжаттары (билеттері) , егер олар осы Қағидаларда белгіленген мерзімде қайтарылмаса, өзінің жарамдылығын жоғалтады.

117. Жолаушы жол жүру барысында нашар көңіл-күй жағдайында (ауырған кезде) және одан әрі жол жүру мүмкін болмаса, жедел медициналық көмек көрсету үшін емдеу-медициналық ұйымы (пункті) орналасқан жақын станцияда поездан түсіріледі, құжаттарды ресімдеу және төлемдерді қайтару осы Қағидалардың 254-тармағына сәйкес жүргізіледі.

**7-тарау. Қол жүгін тасымалдау тәртібі мен шарттары**

118. Жолаушының өзімен бірге бір толық немесе балалардың жол жүру құжатына ( билетіне) қол жүгін 35 килограмнан аспайтын, олардың өлшемі үш өлшемде 100 сантиметрден, 50 сантиметрден және 50 сантиметрден аспайтын, ал "Talgo", " Тұлпар-Тальго" вагондарынан құралған поездарда және оларға ұқсас вагондарда (вагон корпусының ең жоғары биіктігі – 3524 миллиметр, вагонның ең жоғары ені – 3200

миллиметр) – 25 килограмм қол жүгін тегін алып жүруге рұқсат етіледі, оның мөлшері үш өлшемде 70 сантиметрден, 40 сантиметрден және 40 сантиметрден аспайды.

119. "Talgo", "Тұлпар-тальго" фирмасының вагондарынан және оларға ұқсас вагондардан (вагон корпусының ең жоғары биіктігі – 3524 мм, вагонның ең жоғары ені – 3200 мм) құралған поездардан басқа, жолаушылар поездарында қол жүгін алып жүрудің белгіленген нормасының есебіне жолаушыға, егер олар өз өлшемдері бойынша қол жүгін орналастыруға арналған орындарда орналастырылса, балалар арбаларын, байдаркаларды, моторсыз велосипедтерді өзімен бірге алып жүруге рұқсат етіледі.

120. "Talgo" фирмасының вагондарынан және оларға ұқсас вагондардан (вагон корпусының ең жоғары биіктігі – 3524 мм, вагонның ең жоғары ені - 3200 мм) құралған пойыздарды қоспағанда, жолаушының қол жүгінен басқа:

үш өлшем сомасы бойынша мөлшері 100 сантиметрден кем болатын ұсақ заттарды;

пойызда келе жатқан бала немесе мүгедектігі бар адамға арналған жиналмалы балалар арбасын және (немесе) кресло-арбаны жинаулы күйінде;

мүгедектігі бар адамдар мен халықтың қауқары аз топтары қатарындағы жолаушылар өзімен бірге жеке пайдалануға арналған техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар мен арнайы жүріп-тұру құралдарын тегін алып жүре алады.

Қол жүгін тегін тасымалдау жөніндегі талаптар Заңға сәйкес белгіленеді.

Ескерту. 120-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.12.2022 № 761 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

121. "Тальго" фирмасының вагондарынан және оларға ұқсас вагондардан (вагон корпусының ең жоғары биіктігі – 3524 мм, вагонның ең жоғары ені – 3200 мм) құрайтын пойыздарды қоспағанда, жолаушылар пойыздарында жол жүру кезінде, қажет болған жағдайда, жолаушы қосымша өзімен бірге мынадай қол жүгін алып жүреді:

1) багаж тарифі бойынша жеке ақыға салмағы 15 килограмға дейін жолаушыға қолдарында багаж тасымалын растайтын құжатты бере отырып, багаж тарифі бойынша салмағы 15 килограмға дейін;

2) жатын немесе купе вагонының бір купесінде толық құны бойынша сатып алынған бір жол жүру құжаты (билет) салмағы 50 килограмға дейін;

3) төрт орын үшін жол жүру құжаттарының (билеттерінің) толық құнын төлей отырып, жеке купеде жалпы салмағы 300 килограмға дейін.

Ескерту. 121-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 11.04.2025 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

122. Жолаушылар вагондарына, вагон-мейрамханаларға (кафетерий-вагондар, буфет-вагондар), багаж вагондарына, облысаралық, ауданаралық (облысішілік қалааралық) және қала маңындағы қатынастардағы арнайы вагондарға қызмет

көрсететін қызметтік персоналға осы Қағидалардың 118-тармағында белгіленген қол жүгін алып жүру нормалары қолданылады.

123. Қала маңындағы пойыздарда қол жүгімен тасымалдауға, жайлылығы жоғары электр пойыздарының вагондарынан басқа, биіктігі 180 сантиметрден аспайтын балалар арбалары, моторы жоқ велосипедтер пойыздың тамбурында бөлшектелген және буып-түйілген түрде, тәжі байланған және оралған тамырсабақтары бар өсімдіктер, көшеттер және басқа да отырғызу материалдары жіберіледі.

Аумағында "Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен карантиндік аймақтар жарияланған аудандарда көрсетілген тасымалдар өсімдіктер иесі өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекция берген карантиндік сертификатты ұсынған кезде жасалады.

Белгіленген нормадан тыс қол жүгі түрінде пойызда келе жатқан балаға арналған жиналмалы балалар арбасын, сондай-ақ пойыздың тамбурында кресло-арбаны, балалар арбасын ашылмаған күйінде алып жүруге жол беріледі.

Қол жүгін жолаушыларға арналған орындарда, сондай-ақ орындықтар арасындағы жолдарда, дәліздерде және вагон тамбурларында орналастыруға жол берілмейді.

Жолаушы тасымалдайтын қол жүгін өлшеу үшін станцияларда (вокзалдарда) таразылар орнатылады.

Ескерту. 123-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.12.2022 № 761 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 11.04.2025 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

124. Вагонды немесе басқа жолаушылардың заттарын зақымдауы немесе ластауы мүмкін заттарды, сондай-ақ қарудың барлық түрлері және олардың оқтары ( мемлекеттік маңызы бар жағдайларды қоспағанда), жарылғыш, улы, сасық, жұқтырылған, өрт қаупі бар, тез тұтанатын, өздігінен тұтанатын есірткі және уландырғыш заттарды, оқ-дәріні және басқа жолаушылардың қол жүгіне немесе тасымалдаушыға зиян келтіруі мүмкін басқа да заттар мен заттарды қол жүгімен тасымалдауға жол берілмейді.

125. Қол жүгін жоғалту, бүлдіру және сақталмау тәуекелі тасымалдаушының кінәсінен болған жағдайларды қоспағанда, жолаушыға жүктеледі.

126. Егер электрондық, тұрмыстық, бейне және аудиотехниканың мөлшері осы Қағидалардың 118-тармағына сәйкес үш өлшемнен және 35 килограмнан аспайтын болса, онда көрсетілген техника қол жүгінің нормасы есебінен тасымалданады. Қала маңындағы поездарда үш өлшемнің (150х60х60) сомасы бар спорттық мүкәммалды тасымалдауға жол беріледі.

Поездардың барлық вагондарында жол жүру құжатына (билетіне) бір заттан артық емес, 3 өлшем қосындысы бойынша 100 сантиметрден аспайтын қол жүгінің

белгіленген нормасынан артық аталған заттарды тасымалдауға (отыруға арналған орындары бар қатты вагондар және "Talgo" фирмасының вагондарынан және оларға ұқсас вагонынан құрастыратын поездардан басқа, вагон корпусы ең жоғарғы биіктігі – 3524 мм, вагонның ең жоғарғы ені – 3200 мм), сонымен қатар, шағын габаритті вагондардан құрылған поездардан басқа отыруға арналған вагондардан құрылған поездарда (вагонның корпусы ең жоғарғы биіктігі – 3524 мм, ең жоғарғы ені – 3200 мм) тасымалдауға рұқсат етілмеген.

Қол жүгінің нормасынан тыс тасымалданатын көрсетілген зат үшін оның салмағына қарамастан салмағы 30 килограмм багаж тарифі бойынша ақы алынады. Бұл тасымалдауды багаж кассасында ресімдеу "багаж қолында" квитанциясы бойынша жүргізіледі. Егер көрсетілген затты тасымалдау қосымша сатып алынған жол жүру құжатына (билетіне) жүзеге асырылса, онда салмағы 30 килограмм багаж тарифі бойынша қосымша ақы алынбайды.

Ерекше сақ болуды талап ететін теледидарлар, радиоқабылдағыштар, магнитофондар және басқа да аспаптар вагондарда қол жүгін тасымалдау үшін бөлінген орындарда немесе жол жүру құжаттары бойынша жолаушылар иеленетін орындарда орналастырылады.

Жолаушылар вагондарымен көлемі жағынан ені кіреберіс купе есіктерінен үлкен ірі габаритті теледидарлар мен басқа да аппаратураны тасымалдауға жол берілмейді.

**2-параграф. Қол жүгін сақтау шарттары**

127. Теміржол вокзалдарында бейнебақылау камераларымен жабдықталған жолаушылардың қол жүгін уақытша сақтау үшін автоматты өзіне-өзі қызмет көрсететін сақтау камераларының блоктарын орнатуға жол беріледі.

Жергілікті жағдайларға байланысты қажет болған жағдайда қоймашылар қызмет көрсететін сақтау камералары ашылады.

Өзіне-өзі қызмет көрсететін автоматты сақтау камераларын пайдалану қағидалары, сондай-ақ қоймашылар қызмет көрсететін сақтау камераларының жұмыс уақыты мен тәртібі туралы хабарландырулар жолаушылардың назарына арналған сақтау камераларының көрнекті орындары мен үй-жайларында ілінеді.

128. Қоймашылар қызмет көрсететін стационарлық сақтау камераларына қол жүгі тегі мен түріне қарамастан орамадағы қол жүгін тапсырылады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін тасымалдау кезінде олардың сақталуына кепілдік беретін кез келген ыдыста сақтауға қабылдайды.

Сақтауға тапсырылған тез бұзылатын өнімдердің табиғи бүлінуі үшін өтем тасымалдаушыға жүктелмейді.

Сақтауға жеке қабылданатын қол жүгі орнының салмағы 50 килограмнан аспайды және әрбір орында оны тасымалдауға мүмкіндік беретін құрал болады.

Тапсырылатын қол жүгіне байланған әрбір зат жеке орын ретінде саналады.

Жануарлар мен құстарды, атыс қаруын, жарылғыш, өрт қаупі бар, тез тұтанатын, уландырғыш және сасық заттарды, сондай-ақ басқа жолаушылардың заттары ластануы немесе зақымдануы мүмкін заттарды сақтауға тапсыруға және қабылдауға жол берілмейді.

Қол жүгінде ақшаны, облигацияларды, құжаттарды және басқа да құндылықтарды сақтауға жол берілмейді.

129. Егер заттарды сақтау камерасына қабылдау кезінде буып-түю ақаулары анықталса, онда иесі оларды жою немесе осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес ГУ -23п нысаны бойынша жалпы нысандағы актіге (бұдан әрі - жалпы нысандағы акт) қоймашы қаптамада ақаулардың болуы туралы жасаған қол қоюы қажет.

130. Салмағы 50 килограмнан асатын немесе автоматты сақтау камераларының ұяшықтарына немесе үшінші сөрелерге (қуыстарға) орналастырылмаған ірі көлемді заттар ірі габаритті заттарды сақтаудың арнайы камераларында сақтауға қабылданады.

131. Заттарды сақтауға қабылдау тапсырушы адамның жеке басын куәландыратын құжаттары болған кезде жүргізіледі.

Қол жүгін сақтауға қабылдаған кезде қоймашы жолаушыға немесе қол жүгін тапсырушы өзге тұлғаға жетон береді және оның нөмірі мен деректерін (жолаушының ( Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), оның жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі) жеке басын куәландыратын құжаттан "Беру" бағанында арнайы кітапқа жазады. Қол жүгін тапсырған жолаушы немесе өзге тұлға қол жүгін алған кезде, қоймашы "Алу" бағанына осы жетонның нөмірін жазады.

Заттарды сақтауға беру үшін қоймашы жолаушыға осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша теміржол көлігі ұйымының қосалқы-қосымша қызметінен жалдау ақысын, комиссиялық алымды және басқа да түсімдерді қабылдау үшін пайдаланылатын МД 4-3 түбіртек береді.

Ескерту. 131-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 11.04.2025 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

132. Заттарды сақтау мөлшерлемері бойынша төленеді. Заттар жетонды ұсыну және беру орнына беріледі.

Қол жүгін тапсырған жолаушы өзіне-өзі қызмет көрсететін сақтау камерасының ұяшығын жаңасын ішінара толықтыру үшін қайта ашқан әрбір жағдайда, ол қол жүгін сақтауға ақы төлейді.

133. Жетон жоғалған кезде сақтау камерасына қабылданған заттар иесіне осы заттардың оған тиесілігі туралы дәлелдемелер ұсынысымен беріледі.

Жоғалған жетон үшін жолаушыдан жетон құнына баламалы төлем алынады.

134. Өзіне-өзі қызмет көрсету сақтау камерасына тапсырылған заттар күнтізбелік екі тәулік бойы сақталады, содан кейін оларды станцияның (вокзалдың) жалпы қойма үй-жайына немесе стационарлық сақтау камераларына береді. Өзіне-өзі қызмет көрсету

сақтау камерасынан қол жүгін алу кезінде оның егжей-тегжейлі сипаттамасымен еркін нысанда акт жасалады. Қол жүгі иесінің тұрған жерін анықтау мүмкіндігі болған жағдайда оған қол жүгі тұрған жері туралы дереу хабарлама жіберіледі. Жауап алынғаннан кейін қол жүгі қол жүгін тапсырған жолаушының (иесінің) өтінішіне сәйкес ақы төлеп жіберіледі.

Иесі күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде талап етпеген заттарды тасымалдаушы немесе ол уәкілеттік берген тұлға уәкілетті мемлекеттік органдардың қарамағына беруге тиіс. Осы сәттен бастап жолаушы оларға құнын өтеу немесе өз заттарын алу мәселелері бойынша жүгіне алады.

**3-параграф. Ұмытылған және табылған заттар**

135. Станцияларда, вокзалдарда, поездарда немесе теміржол бөлінген белдеулерінде ұмытылған заттар табылған барлық жағдайларда және оларда жолаушылар мен теміржол көлігі қызметкерлерінің өміріне қауіп төндіретін заттардың жоқ екендігі расталған кезде табылған заттардың сыртқы түрі мен оларды табу жағдайлары егжей-тегжейлі сипатталған жалпы нысандағы акт жасалады.

Акт затты тапқан адамның қатысуымен жасалады. Актіге: поезда - жолаушылар поезының бастығы вагон жолсерігінің қатысуымен, станцияда (вокзалда) - станция ( вокзал) бастығы қол қояды. Актінің көшірмесі затты тапқан адамға беріледі.

Станцияда (вокзалда) немесе соңғы пунктке келген поездың құрамында немесе станцияға іргелес аралықта ұмытылған және табылған заттар осы станцияның (вокзал) бастығына беріледі, бұл туралы ұмытылған және талап етілмеген заттар кітабына тиісті жазба жасалады. Заттарға станция (вокзал) және заттың кітапта жазылған реттік нөмірі көрсетілген жапсырмалар ілінеді. Сөмке, торап, қап, чемодан және өзге де заттар пломбаланады немесе мөрленеді, ал осының алдында ішкі істер органдары өкілінің қатысуымен тізімдеме жасай отырып ашылады.

Жол жүру барысында поездарда ұмытылған және табылған заттарды, жолаушылар поезының бастығы актімен бірге осы поезды қалыптастыру пунктіне береді.

136. Күнтізбелік 30 (отыз) күн өткеннен кейін табылған және талап етілмеген заттарды тасымалдаушы немесе ол уәкілеттік берген тұлға уәкілетті мемлекеттік органдардың (мемлекеттік кіріс органдарының) қарамағына беруге тиіс. Осы сәттен бастап жолаушы оларға құнын өтеу немесе өз заттарын алу мәселелері бойынша жүгіне алады.

Сақтау камераларынан жолаушылар алмаған заттарды алып қойған кезде заттар сипатталған акт жасалады. Иесінің орналасқан жерін анықтауға болатын деректер болған жағдайда, соңғысына заттардың тұрған жері туралы дереу хабарлама жібереді. Жауап алғаннан кейін заттар иесінің өтінішіне сәйкес жіберіледі. Мұндай заттарды сатуға беру иесін іздестірудің барлық құралдары таусылған жағдайларда ғана жүзеге асырылады.

137. Табылған заттарды беруді талап еткен адам заттардың нақты белгілерін, олардың ішіндегісін жазбаша көрсетіп немесе заттарды құлыптайтын құлыптарға кілттерді көрсетіп, оларға өзінің құқығын дәлелдейді. Егер заттар табылған немесе тапсырылған станцияда (вокзалда) сақталса, онда олар иесіне станция (вокзал) бастығының өкімі бойынша көрсетілген заттарды беруді талап еткен адамның жеке басын куәландыратын құжаттар тексерілгеннен кейін беріледі. Егер заттар сатуға берілген болса, онда оларды беру туралы өтінішті заттар сатуға берілген станция ( вокзал) теміржолды қарайды.

Заттарды алған кезде оларды беруді талап еткен адам беру станциясында ( вокзалында) теміржолға тиесілі барлық төлемдерді (багаж тарифі бойынша сақтау, буып-түю, тасымалдау және өзге де төлемдер үшін) төлейді, сондай-ақ өзінің тұрақты тұратын жерін және оның жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірін көрсете отырып, заттарды алуға қолхат береді.

138. Егер өзі тағайындалған станцияға келген жолаушы вагоннан шығып, вагонда заттардың жоғалғанын байқаса, ол станция (вокзал) бастығына жүгінеді. Станция ( вокзал) бастығы жолаушының жазбаша өтініші бойынша поездың тұру ұзақтығы кемінде 10 (он) минут болатын поездың жүру барысы бойынша жолаушылар поезы бастығының немесе жақын жердегі станция (вокзал) бастығының атына, осы телефонограммада вагонның нөмірін және жолаушы алған орынды көрсете отырып, ұмытылған заттарды сипаттай отырып және оларды жолаушының тұрған жеріне жіберу талабымен қызметтік телефонограмма береді.

Мұндай жағдайларда заттарды қайтаруға байланысты барлық шығыстар олардың иесінің есебінен әртүрлі алымдар түбіртегін ресімдей отырып жүргізіледі.

## 8-тарау. Багажды, жүк-багажды қабылдау және беру шарттары мен тәртібі

139. Тасымалдаушы жолаушының багажын қабылдайды және осы операциялар үшін ашық кез келген теміржол станциясына дейін жөнелтеді.

Жолаушы қажет болған жағдайда багажды алдын ала тасымалдауға тапсырады. Жолаушының багажды тапсыруы багаж бөлімшесіне (пунктіне) жүзеге асырылады.

Багаж кассалары поездың жолаушылары ұсынатын барлық багажды кідіріссіз қабылдауды қамтамасыз ету үшін алдын ала ашылады.

Қажет болған жағдайда багаж жолаушыны жөнелту станциясында да, багаж операциялары үшін ашық поездың жүру жолы бойынша кез келген аралық станцияда да тасымалдауға тапсырылады.

Жолаушының соңғы жол жүру станциясы ғана емес, жол жүру жолында орналасқан және багаж операцияларын жүргізу үшін ашық кез келген станция баратын станция болып табылады. Бастапқы жөнелту станциясында салмағына байланысты багажды қабылдау бір немесе бірнеше багаж түбіртектерін беру жолымен ресімделеді.

Жолаушылар поездарының құрамында багаж вагондарының жүруін тасымалдаушы реттейді.

140. Жолаушылар поезының багаж вагонында жол жүру құжаты (билеті) бойынша тасымалдауға қабылданатын салмағы 200 килограмнан аспайтын мүлік жолаушының багажы болып саналады.

Тасымалдауға жолаушылардың багажына зиян келтірмей, өзінің мөлшері, қаптамасы және қасиеттері бойынша қиындықсыз тиелетін және багаж вагонына орналастырылатын нәрселер мен заттар қабылданады.

Багаждың әрбір орнында оны тиеу, қайта тиеу және түсіру кезінде тасымалдауға мүмкіндік беретін құрылғылар (құрылғылар) болады. Ыдыс немесе буып-түю тасымалдаудың барлық уақытында багаждың сақталуын қамтамасыз етуі тиіс.

Оргалиттен жасалған картон қораптар немесе ағаш-талшықты плиталар салмағы 20 (жиырма) килограмнан аспайтын етіп қабылданады, чемодандар, себеттер, сөмкелер, орамдар, теңдер тігіледі және байланады, сандықтар мен жәшіктердің темір жиектері болады.

141. Аса сақтықты талап ететін бейне-, аудиоаппаратура және басқа да ұйымдастыру техникасы жол бойында артық тиеусіз тасымалдау кезінде тасымалданатын техниканың сақталуын қамтамасыз ететін орамда, ал артық тиеумен тасымалдауға тек қатты орамда (жәшіктер мен торлар) қабылданады.

142. Багажбен мыналарды тасымалдауға жол берілмейді:

1) бір орнының салмағы 75 килограмнан асатын немесе бір өлшемнің мөлшері 3 метрден асатын заттар мен нәрселер.

Салмағы 75 килограмнан асатын, бірақ 165 килограмнан аспайтын және өлшемдердің бірінің мөлшері 3 метрден аспайтын (мысалы, тоңазытқыданаар, газ плиталары) бөлінбейтін орындар тасымалдауға бір жол жүру құжатына (билетіне) бір орыннан аспайтын багажбен қабылданады. Бөлінбейтін орындарды багажбен тасымалдау бөлінбейтін орындарды жүк-багажбен тасымалдауға ұқсас жүргізіледі;

2) қарудың барлық түрлері және олардың оқтары (мемлекеттік маңызы бар жағдайларды қоспағанда), жарылғыш, улы, сасық, жұқтырылған, өрт қаупі бар, тез тұтанатын, өздігінен тұтанатын есірткі және уландырғыш заттарды, оқ-дәріні және басқа жолаушылардың қол жүгіне немесе тасымалдаушыға зиян келтіруі мүмкін басқа да заттар мен заттарды қол жүгімен тасымалдауға;

3) бағалы қағаздар, құжаттар, ақша, асыл тастар және басқа да құндылықтар.

143. Өсімдіктерді, оның ішінде көшеттерді және басқа да отырғызу материалдарын багажбен тасымалдауға қабылдау кезінде олардың қаптамасы тасымалдаудың сақталуына кепілдік беруге және басқа адамдардың багажы мен жүк-багажын ластамауға тиіс.

Бұл жағдайда жөнелтудің әрбір салмағы бойынша 25 килограммнан, ал биіктігі бойынша – 200 сантиметрден аспауы тиіс. Өсімдіктер карантині жөніндегі заңнамада

белгіленген тәртіппен карантинге жатқызылған деп жарияланған аумақтағы станциялардан көрсетілген жөнелтімдер иесі 1999 жылғы 11 ақпандағы № 344 " Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес отырғызу материалдарын тасымалдау құқығына өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекция берген карантиндік сертификатты ұсынғаннан кейін және жол бойында қайта тиеусіз ғана қабылданады.

144. Багажды ақаулы орамада тасымалдауға ұсынған кезде тасымалдаушы қажет болған жағдайда оны тасымалдауға қабылдаудан бас тартады.

Орамында багаждың жоғалуына немесе бүлінуіне қауіп төндірмейтін кемшіліктер бар багаж тасымалдау құжаттарында осы кемшіліктер туралы белгі қоя отырып, тасымалдауға қабылданады.

145. Жолаушы өз багажының басқа заттарының арасында буып-түйген сынғыш және сынғыш заттардың, сондай-ақ жеке буып-түйілген сынғыш және сынғыш заттардың (шыны, фарфор, теледидарлар, қабылдағыданаар) бүлінуі немесе қанағаттанғысыз жай-күйі, егер бұл ретте багаждың бүлінуін туындатқан ораманың қандай да бір сыртқы зақымданулары болмаса, багаж иесіне жүктеледі.

146. Жөнелтуші келіскен жағдайда багаж жол жүру құжатында (билетте) көрсетілмеген басқа маршрут бойынша немесе басқа поезда, оның ішінде жолаушы жүретін поездардан бұрын жөнелтіледі. Бұл туралы багаж түбіртегінде Багаж жіберу __ ___ (саны)" немесе "Багаж бағыты бойынша жіберу" деген белгі қойылады. Көрсетілген белгі жолаушының қолымен расталады.

147. Егер жолаушы оның багажы поезда оның баратын станциясына дейін жүруді қаламаса, багаж түбіртегін көрсеткеннен кейін жолаушыны поездан түсіру станциясына береді немесе түсіру мүмкін болмаған жағдайда, ең жақын станцияға дейін барады және бірінші кері поезбен оны жолаушы түсіруді жүргізген станцияға қайтарады. Жолаушы поездан сырқаттануына байланысты түскен жағдайда жолаушы түсіруді жүргізген станция бастығының жеделхаты негізінде багаж тегін қайтарылады.

148. Багажды жеткізу мерзімі багаж жөнелтілген поездың қозғалыс кестесіне сәйкес межелі теміржол станциясына дейін жүру уақытымен анықталады. Егер багаж жолда қайта тиеумен маршрут бойынша жүрсе, онда багажды жеткізу мерзімі әрбір қайта тиеуге 1 (бір) тәулік қоса отырып, келісілген поездардың осы маршрут бойынша жүру уақытымен айқындалады.

**2-параграф. Багажды тасымалдауды ресімдеу тәртібі**

149. Тасымалдауға тапсырылатын багаждың әрбір орны тасымалдаушы белгілеген таңбалау қағидаларына сәйкес таңбаланады. Таңбалау бирканы бекіту немесе жазу арқылы жүргізіледі.

Багаждың жеке орнының салмағы 10 килограмнан кем болмайды. Толық емес 10 килограмм толық деп есептеледі.

150. Жөнелту станциясында багажды тасымалдауға қабылдауды растау үшін жолаушыға (жөнелтушіге) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Тізбеге сәйкес белгі қойылатын оның жол жүру құжаты (билеті) негізінде баж немесе қол технологиясы арқылы ресімделген багаж түбіртегі беріледі. Багаж түбіртегінде және жолаушының өтінішінде оның жол жүру құжатының (билетінің) нөмірі, жолаушының қалауы бойынша багаждың келгені туралы хабарлама жіберілетін пошталық мекенжайы көрсетіледі және жолаушы (жөнелтуші) таңдаған хабарлау тәсілі (тапсырыс хатпен, тапсырыс ашық хатпен немесе жолаушының қалауы бойынша телеграф, телефон арқылы) көрсетіледі.

Бұл ретте тасымалдау құжаттарында жөнелту станциясында "ерекше белгілер" бағанында "хабарламамен" деген белгі қойылады.

151. Жолаушы (жөнелтуші) оған тасымалдау құжатын (багаж квитанциясын) берген кезде онда көрсетілген деректемелердің (пошта мекен жайлары, жөнелтуші мен алушының тегі, межелі станциясы, буып-түю түрі, тасымалданатын багаждың атауы, салмағы, орындар саны) дұрыстығын тексереді.

152. Жүкпен тасымалдауды ресімдеу кезінде:

1) қапталмаған велосипедтер – багаж түбіртегінде велосипедтің (ерлер, әйелдер, балалар) нөмірі, маркасы және оның жанында қандай керек-жарақтары бар екендігі көрсетіледі;

2) бейне-, аудиоаппаратура және басқа да ұйымдастыру техникасы-олардың жоғарғы қаптамасында немесе бүйір қабырғаларының бірінде анық жазу жазылады. "Абайлаңыз, теледидар" немесе "Абайлаңыз, компьютер";

3) орамсыз автомобиль шиналары – багаж түбіртегіне "камерамен" немесе " камерасыз", "жаңа" немесе "бұрын пайдалануда болған" деген белгі қойылады.

### 3-параграф. Багаждың құндылығын жариялау

153. Жолаушы багажды тапсыру кезінде қажет болған жағдайда оның құндылығын ақылы негізде жариялайды.

154. Тасымалдау үшін бірнеше орынды көрсеткен кезде жолаушы қажет болған жағдайда әрбір жеке орынның құндылығын немесе барлық орындардың жалпы құндылығын жариялайды.

Егер жолаушы багаждың құндылығын жарияламаса, онда багаж түбіртегінде " Жарияланған құндылық" бағанында осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Тізбеге сәйкес белгі жасалады, оған жолаушы қол қояды.

Жарияланған құндылықтың сомасы багаж түбіртегінде жазумен және санмен көрсетіледі, ал әрбір жеке орынның құндылығы мен салмағы санмен жазылады.

Егер багаж бөлімшесінің (пунктінің) қызметкерінде жолаушының өз багажын бағалауының дұрыстығына күмән туындаса (егер жолаушы жариялаған құндылық 30 ( отыз) айлық есептік көрсеткіданаен асса), ол жолаушының багажды тексеру үшін

ашуын талап ете алады және жолаушыдан (жөнелтушіден) багаждың құндылығын растайтын құжаттарды (чектер, жүкқұжаттар, түбіртектер) сұрата алады.

Жолаушы багажды ашуға келіспеген немесе багаж бөлімшесінің (пунктінің) қызметкері ұсынған бағалау сомасымен келіспеген жағдайда багаж құндылығы жарияланбай тасымалдауға қабылданады.

**4-параграф. Багажды тасымалдау үшін ақы төлеу**

155. Багаж бөлімшесі тасымалдауға қабылдаған багажды тасымалдау үшін төлем тасымалдау құжаттарын ресімдеу кезінде багажды жөнелту станциясында алынады.

156. Багаж түбіртегінде көрсетілген багаж салмағында алшақтық анықталған жағдайда межелі станция осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша коммерциялық акт жасайды, ол шаралар қабылдау үшін багажды жөнелту станциясына жібереді, ал жолаушымен (жөнелтушімен) тасымалдау төлемдерін қайта есептеу жүргізіледі.

157. Егер багаж межелі станцияға оны жеткізу мерзімі аяқталғаннан кейін 7 (жеті) тәулік өткеннен кейін келмесе (багаж тергеу немесе кеден органдарының өкімі бойынша ұсталған жағдайларды қоспағанда), багаж жоғалған болып есептеледі.

Бұл жағдайда жолаушы (алушы) қажет болған жағдайда оған қол қойғызып төленетін жоғалған багаждың құнын өтеуді талап етеді.

Ақша алған кезде берілген қолхатта жолаушы (алушы) қажет болған жағдайда табылған багаж оған багажды, жүк-багажды қабылдау-беру жөніндегі операциялар үшін ашылған теміржол станцияларының біріне тегін жеткізілуін мәлімдейді. Багажды іздеу және қосымша жіберу жағдайында, иесі оны келу туралы хабарланған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде алуы қажет, бұл ретте алынған ақша қайтаруға жатады.

**5-параграф. Багажды беру**

158. Багаж межелі станцияға келгеннен кейін жолаушыға (алушыға) багаж түбіртегін, поездың барлық жүру бағытына ресімделген жол жүру құжатын (билетін) және жеке басын куәландыратын құжатты көрсету бойынша беріледі.

Алушы қажет болған жағдайда багаждың салмағын тексереді. Багаждың салмағын тексеру үшін ақы алынбайды.

159. Жолаушы (алушы) багаж түбіртегін (жапсырманы) ұсынбаған жағдайда, бірақ ол бойынша жөнелту қабылданған жол жүру құжатын (билетін) көрсеткен кезде багаж жолаушыға (алушыға) оның жазбаша өтініші бойынша (оған жөнелтудің тиесілілігінің дәлелдемелерін (ыдыстың немесе заттардың орамының нақты белгілері, ішіндегісінің тізімдемесі) көрсеткен кезде) және жолаушының (алушының) тегін, атын, әкесінің атын және тұрақты тұратын жерін көрсете отырып, қолхат арқылы беріледі. Бұл ретте багаж

жол тізімдемесінде багаж түбіртегін немесе жапсырманы көрсетпестен багажды беру себептері туралы белгі жасалады, ол жолаушының (алушының) және багаж бөлімшесі ( пункті) қызметкерінің қолдарымен расталады. Жолаушыдан (алушыдан) жолжүгінің тарифі бойынша жолжүгіні тасымалдағаны үшін төлемдегі айырмашылық өндірілмейді .

Жолаушыда (алушыда) жол жүру құжаты (билеті) болмаған жағдайда одан әр түрлі алымдар түбіртегі бойынша жолжүгі тарифіне дейін қосымша ақы алынады. Бұл ретте багаж түбіртегі алынады, багаж жол ведомосіне желімделеді және багажды жөнелту станциясына жіберіледі.

160. Келген багаж станция багажды, жүк-багажды қабылдау-беру жөніндегі операциялар үшін ашық болған бүкіл уақыт ішінде беріледі.

Жолаушының (алушының) қалауы бойынша бару станциясы келу күнін есептемегенде тәулік өткеннен кейін жолаушыны (алушыны) телефон, тапсырыс хатпен (тапсырысты ашық хатпен) немесе өзге де жолмен оның мекенжайына багаждың келгені туралы хабардар етеді.

Тасымалдаушы аралық станцияларда келген багажды беру бойынша операцияларды поезд жүріп өткеннен кейін 2 (екі) сағаттан кешіктірмей, ал соңғы станцияларда - багаж вагонын түсіргеннен кейін жүргізеді.

Көлік құралы болған кезде багаж жолаушының (алушының) қалауы бойынша ол көрсеткен орынға багаж бөлімшесі (пункті) белгілеген жеке ақы үшін жеткізіледі.

161. Багаж келмеген жағдайда, межелі станция багаж түбіртегінің (жапсырманың) артқы жағында багажды жеткізу мерзімі өткеннен кейін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Тізбеге сәйкес "Багаж келмеді" деген белгі жасайды, жылы, айы, күні көрсетілген мөртабан қояды және жолаушыдан (алушыдан) өтініш алады, онда багаждың келгені туралы хабарлама жіберу үшін пошталық мекен жайы көрсетіледі. Бұл жағдайда хабарлама үшін төлем алынбайды. Көрсетілген багаж келген жағдайда межелі станция ол келген күні алушыға тапсырысты хатпен, тапсырысты ашық хатпен хабарлама жібереді немесе бұл туралы телефон, телеграф арқылы хабарлайды.

Егер бару станциясы жолаушыны табылған багаждың келгені туралы хабардар етпесе, онда ол хабарлама жіберілгенге дейін багажды сақтаудың мерзімі өткен күндері үшін ақы алмайды.

162. Теміржолдың кінәсі бойынша межелі станцияда багажды түсірмеген жағдайда алушының талабы бойынша багаж межелі станцияға тегін қайтарылады.

Багажды жеткізу мерзімін өткізіп алғаны үшін айыппұл төлеуді тасымалдаушы тасымалдаушының кінәсі анықталғаннан кейін заңға сәйкес және алушының талап етуі бойынша жасалған жалпы нысандағы актінің негізінде жүргізеді.

Айыппұл төлеуге жасалған жалпы нысандағы актіде мынадай деректер көрсетіледі: багаж түбіртегінің нөмірі, багажды тасымалдауға қабылдау күні, багаждың келу күні, багажды жеткізу мерзімінің күні, тасымалдағаны үшін өндіріп алынған сома, мерзімі

өткен тәуліктің саны, төлеуге жататын айыппұл сомасы, жолаушының (алушының) тегі , аты, әкесінің аты және тұратын жері, жолаушының (алушының) жеке басын растайтын құжаттың атауы, оның берілген күні, кім берді және нөмірі.

163. Салмағы немесе орындардың бір бөлігі жетіспеген, сондай-ақ багаж зақымданған кезде, егер жолаушы (багажды алушы) оны осындай түрде алуға келіссе, багаж жолаушыға (алушыға) беріледі.

